


85 11074973256
437
К Ә С І П Т І К

Б І Л І М




Г. Мәуленова, Д. Амандықова

**ДИЗАЙНЕРГЕ
АРНАЛҒАН
ПРАКТИКУМ**

К Ә С І П Т І К

Б І Л І М



Г. Мәуленова, Д. Амандықова

ДИЗАЙНЕРГЕ АРНАЛҒАН ПРАКТИКУМ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
техникалық және кәсіптік білім беру
ұйымдарына ұсынады



«Фолиант» баспасы
Астана-2010

УДК745/749

ББК 85.12

М 37

М 37 Мәуленова Г., Амандықова Д.
Дизайнерге арналған практикум/Г. Мәуленова,
Д. Амандықова. – Астана: Фолиант, 2010. – 112-бет

ISBN 9965-35-907-5

Ұсынылып отырған практикумда түрлі тарихи кезеңдердегі дизайн мектептері, дизайнерге қажетті құрал-жабдық, олармен жұмыс істеу тәртібі, композиция ұғымы, оның түрлері мен заңдылықтары, дизайн түрлері, т.б. ұғымдар қамтылып, әр тақырып бойынша барынша қысқа әрі нақты түсініктер берілген.

Теориялық материалдарды бекіту мақсатында әр тараудың соңында тәжірибелік тапсырмалар ұсынылған.

Суретші, дизайнер мамандығының оқушыларына, оқытушыларға, жалпы өнерсүйер оқырманға арналған.

УДК745/749

ББК 85.12

ISBN 9965-35-907-5

© Мәуленова Г.,
Амандықова Д., 2010

© «Фолиант» баспасы, 2010

КІРІСПЕ

«Дизайн» саласының пайда болғанына бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, терминнің өзі соңғы жылдары ғана орнықты. **Дизайн** (ағылшынша *design*, итальянша *disegno* – суреттеу, белгілі ету) – «өнеркәсіп бұйымдардың формалдық қасиеттерін анықтау мақсатын көздейтін шығармашылық іс-әрекет. Бұл қасиеттер тек бұйымның сыртқы пішіні мен түрін ғана емес, дайындаушы мен тұтынушының да көзінде біртұтас өнім ретінде қабылданатын құрылымдық және қызметтік арақатынастар. Дизайн адамзатты қоршаған, өнеркәсіп өндірісіне негізделген ортаның барлық саласын қамтуға тырысуда». Дизайн теоретигі Томас Мальдонадо ұсынып, ИКСИД-тің VI Конгресінде қабылданған дизайн ұғымының анықтамасы осындай.

Бұрын «дизайн» сөзінің орнына «техникалық эстетика» және «көркемдік конструкциялау» сөздері қолданылып келді, ал қазір тиісті салаларға байланысты бұл ұғымның жаңа түсініктерін анықтау қарастырылуда. Дизайндың түсінік өрісінің өзгеруі қоғам салаларының барлық қырларын қамтитын кең көлемді жобалар жасауға мүмкіндік берді. Ол дизайнды дамытуға, жекелеген заттардан бастап тұтас ортаны кешенді түрде жобалауға, адамның әлеуметтік және өндірістік қызмет саласындағы еңбегінің табиғатпен өзара байланыста болатындығы туралы түсінігімізді байытып, қоғамдағы өндірілетін заттарды кешенді жобалауға жол ашты. Дизайн ұғымының шеңберінде «өмір салты», «кешенді объект», «ортаға байланысты әдіс» деген түсініктердің өмірімізге енуі де содан болар.

«Дизайн» сөзінің негізінде бірқатар туынды ұғымдар да пайда болды: «дизайнер» – суретші-конструктор, «ди-

зайн-форма» – заттың сыртқы пішіні, т.б. Біз дизайн мен көркемдік конструкциялау ұғымдарын синонимдер ретінде қарастырамыз.

Дизайнның мазмұны, мақсаты және мүмкіндіктері жайлы пікірталастар әлі күнге дейін толастар емес. Мәселен, италиялық белгілі сәулетші әрі дизайнер Д. Понтидің ойынша, дизайнның мақсаты – біздің өркениеттің ең жақсы жақтарын көрсете білетін тамаша заттар мен пішіндер ойлап табу. Ал Т. Мальдонадоның пікірінше, тұтыну заты көркем шығарманың рөлін атқара алмайды, ал өнер туындыларының тағдыры өнеркәсіптік бұйымдармен бірдей емес.

Бүгінгі таңда «дизайнның басты мақсаты – саудада тез өтетін заттар шығару» деп түсінілгендіктен, дизайн нарықтың сұранысы мен қажеттіліктеріне тәуелді болып отыр.

Уақыт өткен сайын заттардың эстетикалық мазмұнына деген талап та жоғарылай түсуде. Біздің елімізде дизайн жалпы өнеркәсіптік өнімді жобалау, сол негізде заттық ортаны қалыптастыру саласындағы суретші-конструктордың іс-әрекеті деп түсініліп келді. Қолайлы, әдемі бұйымдар жасауға бағытталған суретшілік конструкциялаудың (дизайнның) басты назары адамға, оның қоғамдық және жеке басының қажеттіліктеріне, заттық және рухани сұраныстарына аударылуы қажет.

Дизайнның қолданылу саласын нақ басып айту қиын. Мәселен, дизайнды сәулеттен (интерьерді жобалау), мүсін өнерінен (балалар алаңдары, аттракциондар жобалары), қолөнерден (ыдыстың, жиһаздың жаңа түрлерінің жасалуы) бөліп қарауға болмайды.

ИКОГРАДА

ИКОГРАДА – графикалық дизайн ұйымдарының Дүниежүзілік кеңесі (1964 ж. Цюрих қаласында құрылған). ИКОГРАДА жарғысында графикші-дизайнердің міндетіне кітап беттерін әрлеу, типографиялық шрифтiлердi, каллиграфиялық жазуларды, ою-өрнектің жаңа түрлерін ойлап табу, кітап мұқабасын әрлеу, сауда және басқа да жарнаманы дайындау, көрмелер мен дүкен маңдайшаларын, сөрелерін, фильмдер мен телебағдарламаларды безендіру, әсемдеу, дайындау – жалпы қолмен орындалатын жұмыстарды жүзеге асыру жатады деп көрсетілген. Қысқаша айтқанда, ИКОГРАДА қолөнер графикасымен айналысады. ИКСИД-пен тығыз байланысты.

ДИЗАЙН

Дизайн (ағылшын тілінен – *design* – жоба, сызу) – заттық ортаның пайда болуына себепкер қызметтің жоба түрі. Бұл қызметтің көркем-техникалық ерекшелігі – қарастырылатын тұлғалардың эстетикалық тұтастығы.



Дизайн заттың тек сыртқы пішінінің ғана емес, оның құрамының да өзара байланысын, қызметімен үйлесімдік тұтастығын ескереді. Дизайн ұғымына шығармашылық ізденістің екі бағыты кіреді – қызметтен тұлғаға және тұлғадан қызметке. Дизайн тәсілі – көркемдік құрастыру. Мақсаты – зат қызметінің ыңғайлылығын, тиімділігін, әсемдігін қамтамасыз ету. Әсемдеу, үйлестіру тәсілдері – пропорция, модуль, ырғақ, метр, контраст, тектоника, нюанс, фактура, түсті бояу. Осы талаптардың сақталуы әсемдік бағасының анықтаушысы болып табылады.

БАУХАУЗ

1919 жылы сәуір айында Баухауз оқу орнының құрылуы жайында манифесін жариялай отырып, жас неміс сәулетшісі Вальтер Гропиус оқу жобасында өнер мектебі мен ұстаз мамандардың табиғи тұтастығы жайлы армандаған. Ол жаңа заман сәулеті барынша үнемді, қызметі көп салалы және жалпыға ортақ өндіріс технологиясы-

WEIMAR | crafts of the
bauhaus



на негізделеді, бұл үшін сәулет басқа өнер түрлерімен бірігуі тиіс деп есептеген. Гропиус осы мақсатқа жету жолында тек бірнеше шеберхана құрылса жеткілікті деп ойлаған. Бұл ұстаханада оқушылар бірнеше суретші және қолөнер шеберлерінің жетекшілігімен белгілі бір қолөнер түрін үйрене алады. Оның дизайнерлік білім беру моделі қоғамдағы төменгі сұраныстарға негізделген, ең алдымен бастапқы мақсатты іштей сезіну қажет, бұл керемет қорытынды беруі қажет деген қағиданы жақтады.

Іштей сезіну (интуиция) қабілетіне Гропиус үлкен сеніммен қарап, білім алу барысының негізін тарих және дизайн теориясы қалауы керек екендігіне еш көңіл бөлмеді. Оқыту бағдарламасы әр суретшінің өз қалауы бойынша құрылып, нақты бір пәндер оқытылмаған.

Мектептің жетекшісі Гропиус болып тұрған кезеңде дизайнер моделінің негізінде интеллектуалдың емес, қарапайым шебер бейнесі қабылданған.

ВХУТЕМАС

ВХУТЕМАС (Высшие художественно-технические мастерские – Жоғары көркем-техникалық шеберханалар) – 1920 жылы Мәскеу қаласында құрылған оқу орны. Бұл оқу орнының құрамына Строганов көркем-өнеркәсіп училищесі мен мәскеулік живопись, мүсін және сәулет училищелерінің базаларында құрылған бірінші және екінші Мемлекеттік тәуелсіз көркем шеберханалар кірді.

ВХУТЕМАС-та студенттерді ордерлік сәулетпен таныстыратын шеберханалармен қатар, оқытудың жаңа әдістемесімен жұмыс істейтін тағы да екі жаңа шеберхана құрылды. Бірақ, Баухауздағы сияқты, бұларда да дизайнерлер дайындайтын оқу жобасы шеберлік көзқарасқа негізделген, осыған байланысты бұл оқу орны да дизайн білімінің концепциясын құрай алмады. Баухауз 14 жыл жұмыс істесе, ВХУТЕМАС бар болғаны 10 шақты жыл өмір сүрді. Екі жағдайда да дизайнердің нақтылы кезеңдегі қоғамдық орнын анықтау үшін уақыт жеткіліксіз болды.



ИЛЛИНОЙС ШТАТЫНДА ОРНАЛАСҚАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТЫҢ ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ДИЗАЙНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ОРНЫ

Баухаузда, Веймерде, Дессауда сабақ берген неміс суретшісі, фотограф Ласло Маголи-Надь 1937 жылы осы мектептердің кейбір үздік принциптерін қайта жаңғыртты, ол оқу жобаларының жаңа түрлерін өзі басқарған Чикаго қаласындағы жаңа Баухауз бағдарламасына енгізді. Бұл оқу орны кейінірек Иллинойс штатындағы Технология институтының қарамындағы Дизайн институты деп аталды. Ол дизайнға «интуитивті» қарау көзқарасын қолдағанымен, мектепке философтар мен ғылым қайраткерлерін қызметке шақырады. Бұл дизайнерге ауадай қажетті теоретикалық негіздердің туындауына негіз болар жағдай еді. Маголи-Надь қайтыс болғаннан кейін институтта көптеген өзгерістер пайда болды. Компьютердің дизайншы маманға қажетті

құрал екендігі ең алғаш рет осы дизайнерлік оқу орнында айтылды. Оқу барысында студенттер инженерлік білімнен басқа, дизайнерлік тәжірибенің (бұдан бұрынғы мектептерде қолданылған тәжірибелерден айырмашылығы – теория мен өндірістің байланысы) моделімен танысты.

ДИЗАЙННЫҢ УЛЬМДІК ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ

ГФР-ның Ульм қаласында 1951 жылы құрылған көркем қолөнердің жоғары мектебі – дизайнның теориялық және тәжірибелік мәселелерін қарастырумен айналысқан оқу-зерттеу институты. Бұл мектептің негізін швейцариялық сәулетші, мүсінші, график суретші Макс Билл қалады. Баухауздың сәулетшілік және дизайнерлік дәстүрлерін жалғастыруды мақсат тұтқан ұстаздар кәсіпкерлікке саналы түрде қарсы болып, қоршаған ортаны әлеуметтік-ізгілік идеясында әшекейлеуді ұсынды. Бұл аспект 1960-70 жылдардың көркемдеуші шеберлерінің іс-әрекетіне үлкен ықпал етті.

Солай бола тұра, Ульм жоғары дизайн мектебі білімнің дәстүрлі көркемдік-шеберлік моделінен алшақтады. Олар тек көркемсуретпен айналысатын ғана емес, сонымен қатар ғылыми және технологиялық негіздері бар оқу жобасын құруға әрекеттенді. Ульм мектебінің оқу бағдарламасындағы теория және тарихтан алған орны басқа дизайн мектептерінің ешқайсысында болмаған. Мысалы, белгілі ғалым Абрахман Моль (Франция) осы мектепте ақпарат теориясынан сабақ берген. Оқу бағдарламасына дизайн тарихы, социология және басқа да гуманитарлық, қоғамдық ғылымдар енгізілді. Мектеп 1968 ж. саяси қақтығыстар кезінде жабылып қалмағанда, теория мен тәжірибенің оқу бағдарламасындағы тұтастығы жақсы қорытындылар берер еді.

Ульм кезеңінен бастап, көптеген дизайнерлік мектептер интуитивті-көркемдік, шеберлік білім беру моделінен бас тартты, бірақ мектептердің ешбірі дизайн

білімін қоғамдағы өзгерістермен байланыстыратын әрекеттерді оқу бағдарламасына енгізбеген.

ЖАПОН ДИЗАЙНЫ

Станокты кескіндемемен салыстырғанда, дизайн – сәулет секілді қоғамдық өнер. Бірақ, қоғамдық өнер бола тұра, дизайн шебердің жеке рөлін кемітпейді, оны туындылар қатарындағы өзінің тиісті орнына қояды, күш-қайрат және қызығушылықтың жемісі ретінде шебер туындысының өзі жалпы сөзбен дизайн деп аталады.

XIX басында Жапонияда «модерндеу» кезеңі басталды. Бұл кезеңнің мақсаты, біріншіден, елдегі өндірісті өркендету, екіншіден, жалпы тұтынушылардың сұранысына ие заттарды өндіру, яғни, әлеуметтік жағдайды жақсарту. Осы кезеңде қоғам басшылары және өндірушілер әлеумет тарапынан ерекше қолдау мен қошеметке ие болды: зауыттар мен фабрикалар заттардың біркелкі болуы үшін өзгертулер енгізуге тырыспай-ақ, қоғамға пайдалы, жақсы деген заттарды өндірген. Тұтынушы таңдаған затын міндетті түрде алуы қажет емес еді. Жапония елі байыған сайын олардың «жақсы», «пайдалы» деген түсініктері де өзгере бастайды, ақыр соңында тұрғындар арасында бұрынғы құндылықтарға қарама-қарсы пікір қалыптасқан. Мысалы, «модерндеу» кезеңінде жапондықтар қолдан тоқылған киімдерге менсінбей қарауға үйреніп қалды, олардың ойынша, мұндай киімді дүкеннен басқа дүниені алып киюге мүмкіндігі жоқтар ғана киеді. Бірақ, соңғы онжылдықта бұл көзқарас тағы өзгерді: алдыңғы шепке даралық (индивидуальность) ұғымы шықты, енді қолдан тоқылған киімдер үлкен байлықты білдіретін болды.

Жапон халқының менталитетіне тән жаңалықты тез қабылдау қабілетінің арқасында өндірушілер де бұл құндылық жүйесінің өзгеруіне тез бейімделді. Бүгінгі күнде аз таралыммен шығарылатын, даралық имиджі бар заттарға сұраныс мол. Бұл жағдай технологияның жоға-

ры дәрежеде болуын талап етеді, сонда ғана жеке дара, ерекше, сапалы өнім дайындауға мүмкіндік туындайды.

Бұл жүйе қалыптасқан 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың басындағы алғашқы кезеңде өндіру стратегиясы және затты өткізу бағыты «ерекшелік + пайда» деген көзқарасқа сүйенген. Оның мағынасы – ұсынылып отырған өндірістік өнім өзінің бәсекелестерінен кең мүмкіндігімен немесе жақсы техникалық сипаттамасымен ерекшеленуі, әйтпесе, одан әлдеқайда арзан болуы қажет еді. Ол кездегі ең белгілі ұран: «салыстыр да, ұтып ал» болған.

Жылдар өткен сайын Жапония өндірістік технологиясының дамуы қарыштай түсті, бір қызметті атқаратын өнімдердің айырмашылығы азая бастайды. Тұтынушылар үшін әр түрлі өндірушілердің өнімдерін сатып алуға мүмкіндігі туды, ол өнімдердің сапасы және қасиеттері біркелкі жоғары болып табылды. Технологиялық мүмкіндіктердің теңесуіне байланысты, өндірістер арасында «баға соғысы» басталды, ол сапасы мен қасиеті түрлі болса да, қызметі ұқсас заттардың бағаларын теңестірді. Ендігі кезеңде заттың құны тұтынушының салыстыру және таңдап алуы үшін негізгі өлшем болуын тоқтатты. Жалпы тұтынушы үшін сатып алудың



негізгі себептерінің біреуі жоғалды, сондықтан маркетинг стратегтерінің алдында өнімді өткізудің жаңа жолдарын табу қажеттілігі туындады.

Қазіргі кезде заттың тартымдылығы «имидж» деген түсінікке негізделген. Бұл түсінік – көп мағыналы: заттың дизайны, фирмалық белгінің беделі, корпорацияның имиджі, тіпті жалпы ұлттың намысы сияқты критерийлерге сүйенеді.

Жапония маркетингінің негізгі саясаты – «сатып алу беделі»: алғашында заттардың немесе белгінің «көзді үйрету» ақпараты жүзеге асырылып, саудаға содан соң ғана шығарылады. Егер де бұрын жеке-дара бір заттың мәртебесі көтеріліп, жарнамаланса, қазір жалпы корпоратив жарнамаланып, онда шығарылған қандай да болмасын өнімнің түрін сатып алу насихатталады. «Мен «Хитачи» сатып алсам, мейлі, ол экскаватор, видеомагнитофон болсын, мен ол заттың сапалы екеніне сенемін» – маркетингтердің ойынша, Жапония тұтынушысы тек осылай ойлауы керек.

Жапония жүз елу жыл бұрын өз алдына міндет етіп қойған – экономика және технология саласында дүниежүзілік деңгейге көтерілу арманына қол жеткізді. Қазіргі кезде мәдениетте, әсіресе, техникалық эстетикада жапондықтар өте көп жетістіктерге жетті. Жапония дизайнерлері мен өндірушілері бүгінгі күнде «Механизм сұлулығына» жетуді көздеп отыр, ол саналы және өзін көрсеткен эстетикаға инвестицияны енгізу. «Модерндеуге» ұмтылыс жапондықтарды мәдени тамырлары мен дәстүрлерінен алшақтатты, сондықтан елде «экономикалық және қоғамдық деңгейді сақтай отыра, өз тегіңе қайта орал» деген идея кең тараған, бұл Жапонияның әлемдегі рөлінің жаңа негізі болуы мүмкін. «Тек бірнеше саланы тұтастыра алған корпорациялар ғана үшінші жүзжылдықта бағалы болады» деген пікір бар.

Жапонияда тіркелген алты кәсіптік бірлестік бар: 1952 жылы құрылған жапондық өндірістік дизайнерлер ассоциациясы; 1956 жылы құрылған жапондық шебер

дизайнерлер ассоциациясы, 1958 жылы негізі қаланған жапондық интерьер дизайнерлері бірлестігі; 1960 жылы құрылған жапондық қаптама дизайнының ассоциациясы; 1964 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан жапондық зергер-дизайнерлер бірлестігі; 1978 жылы пайда болған жапондық графика дизайнерлерінің ассоциациясы.

1970 жылдан бастап бұл ұйымдар өзара әріптестікте, бірігіп еңбек етеді. Жапондық дизайнге көмек беру кеңесімен бірге дизайнерлік ұйымдардың кеңесін ашқан. Олардың басты мақсаты – жас дарындарды қолдау, кіші және орта мекемелерде дизайнды енгізу, халықаралық байланыс.

Бүгінгі таңда жапондық мұғалімдер және ғалымдар, тәжірибе қызметкерлері әр түрлі ұйымдардың бірігуін қолдайды, бұл өнер және технологияның ұйымдасуымен жаңа сапаларға жету мүмкіндігін береді.

1-ТАРАУ. МАМАНДЫҚҚА КІРІСПЕ

1.1. ҚҰЖАТТАР МЕН ҚҰРАЛДАР

Жұмыстың жемісті орындалуы үшін керекті құралдар мен құжаттар толық болуы қажет. Олардың сапалылығы, қолданылу тәсілдері графикалық бейненің де сапалы орындалуына тікелей әсерін тигізеді. Ең алдымен құжаттар мен құралдардың мүмкіндігін байқап көру керек. Қорытынды жұмысты істеген кезде таныс емес, бұрын-соңды қолданып көрмеген құралдарды пайдалануда барынша абай болу қажет.

Қағаз. Бір-бірімен тығыз өріле байланысқан, әр түрлі қиюласу тәсілдері арқылы біріккен, қалыңдығы 4-400 мкм жұқа парақ құрайтын, негізінен арнайы өңделген ұсақ өсімдік талшықтарынан жасалатын көп компонентті материал. Сурет өнерінде жобалауды орындауда қағаз сызудың қызметіне және бейнелеу тәсіліне байланысты таңдалады. Сонымен бірге, жұмыс барысында қолданылатын әрбір бояу түріне сәйкес келетін қағаз түрлері де болады. Мәселен, италиялық қарындаш немесе соуспен сурет салу үшін мата қағаз пайдаланған жөн, себебі, александрия қағазы не сурет салуға арналған басқа да қағаздардың беті бояуды бөсеңдету үшін жасалатын жұмыстар (растушевка, өшіру) барысында тегістігін жылдам жоғалтады.

Көмірмен сурет салуда беті бұжырлау, бүршікті келетін арнайы қағаз қолданылады. Олардың қатарында «*papier Canson*», «*papier bulle*», «*Bristol*», т.б. атауға болады. Сондай-ақ, астына кенеп жапсырылған қағаздар да пайдаланылады.

Сызықты графикалық жұмыстар үшін «ватман» қағазы пайдаланылады, оған сұйық, бір түсті бояу (от-

мывка) көмегімен сурет салу ыңғайлы. Кейбір қағаздың бұрышында жарыққа ұстап қарағанда көрінетін «гознак» белгісі болады. Құрылысы біраз бостау немесе жартылай ватман деп аталатын қағаз және түсті картон қағаздар жұмсақ қылқаламмен эскиз жасау үшін қолданылады.

Қарындаш. Қарындаш – сызу жұмыстарын орындау сиямен бастыру үшін қолданылатын, графикалық көркемдік мүмкіндіктері мол құрал. Көне замандарда қарындаштың орнына қорғасын мен күмістен жасалған таяқшалар пайдаланылған. Олардың қағаз бетіне салынған іздері уақыт өте келе қоңырқай түске еніп, бейнелерге айналған. Олармен қоса қара сланецтен жасалған италиялық қарындаш та қолданыста болған. Италиялық қарындашты суретшілер қазір де қолданады, бірақ оның өзегін күйдірілген сүйек пен өсімдік желімі негізінде жасайды. Сангина мен пастель таяқшалары да қарындаш деп аталады.

Қазіргі заманда қарындаштың негізгі үш түрі бар: қара графитті, химиялық және түрлі-түсті. Олар қаттылығы мен жұмсақтығына қарай жіктеледі. Қарындаш түрі сурет салу не кескіндеме жасау мақсатына қарай таңдалады. Сызу үшін – қатты: 3Т, 2Т, Т, ТМ (жергілікті өндіріс), 3Н, 2Н, Н, Т, НВ (шетелдік). Сурет салу үшін – жұмсақ: ТМ, М, 2 М, 3 М, 4 М, 5 М, 6 М және жартылай жұмсақ: Г, НВ, 2 В, 3 В, 4 В, 5 В, 6В қарындаштары қолданылады. Қарындаштың техникалық тәсілдері қойылған графикалық талаптарға байланысты. Қарындашты ұстаудың негізгі тәсілі – «конус» тәрізді. Рейшпинанын және сызғыштың бойымен сызық жүргізгенде, қарындашты шамалы көлбеулеу ұстаған дұрыс.

Рейшпина – ағаш немесе пластиктен жасалған сызғыш, ұзындығы – 850-1000 мм, сызу ағашының беті екі жағынан бекітіледі, параллель сызықтарды жүргізуге арналған. Рейшпинаның жоғарғы жағы миллиметр және сантиметрлерге бөлінген бөліктерден тұрады. Бір

ұшына көлденең орнатылған арнайы тиек бар. Жұмыс барысында параллель сызықтар түсіру үшін тиекті сызу тақтайының бір шетіне тірейді, бұл жағдайда 1000 мм ұзындықта сызық ауытқуы 1 мм-ден аспайды.

Сызғыш – сызу жұмыстарын жүргізу үшін ұзындығы әр түрлі ағаш және пластмассадан жасалған сызғыштар қолданылады. Белгілі сызғыштардан басқа (миллиметрге және сантиметрге бөлінген) масштабты сызғыштар да болады (масштабтың негізінде тең бөлінген аралықтары бар).

Үш бұрышты сызғыш – көлемі әр түрлі, ағаш және пластмассадан жасалған, тең бүйірлі (бұрышы 45° -қа тең). Пластиктен жасалған құралдарға қарағанда, ағаш сызғыштарының беті электрленбейді, жақсы тазаланады, температураның өзгерістеріне төзімді, аз қисаяды. Сызғыштың астыңғы (теріс жағы) жазықтығына қағаз бөлігін немесе лейкопластырь жапсырып, оны мерзімді түрде ауыстырып отыру арқылы құралды таза күйде ұстауға болады. Осындай оңай төсілдер қағаз бетінің ластанбауына көмектеседі. Жұмыс істеуге ыңғайлы болуы үшін жиынтықта сызғыштың бірнеше түрінің болғаны дұрыс.

Сия (чернила, тушь) – графикалық жұмыстар үшін сияның екі түрі қолданылады: қытай сиясы (төрт бұрышты, қатты) және сұйық. Қытай сиясы сұйық қалыпқа келтіргенде (отмывка) бір түсті болуына байланысты жұмыс істеуде ең жақсы әрі сапалы бояу болып есептеледі.

Қытай сиясымен жұмыс істегенде, бояуды езу үшін – фарфор ыдыс, су, ал сұйық бояуды тазалау үшін мақта қажет. Сия кесегін кішкене сулап, фарфор ыдыстың қабырғасына үйкейді. Ыдыс түбіне жиналған сұйықтың түсі қажетті қоюлыққа жеткенше үйкеу керек. Жиналған сұйықтықты таза ыдысқа құйып алып, қою бояудың

бетін жабық ұстау керек. Сұйық бояу (отмывка) техникасында жұмыс істеу үшін, алынған қою бояуды керекті мөлшерде таза ыдысқа құйып, сумен араластырады.

Бұл мақсатта бояуы бар ыдысты бос ыдыстан 3-5 см биігірек орналастырады, мақтадан бос ширатылған жіп дайындап, оны сулайды, бір шетін бояуы бар ыдысқа, екінші шетін бос ыдысқа салады. Осы тәсілмен толтырылған екінші ыдыстағы сұйықтық таза және жұмысқа дайын деп есептеледі.

Сұйық сия (отандық немесе шетелдік өнім) тек графикалық сызу жұмыстарына арналған. Көбіне жұмыс барысында сұйық бояуды сумен араласпаған күйінде қолданады. Бірақ түстің қанықтылығы бәсең болуы қажет етілетін кейбір кезде сумен араластырса да болады. Сумен араласқан сияны сумен араласпаған сияға қосуға болмайды, сондай-ақ, оны ұзақ уақыт сақтауға да болмайды, бояудың сапасы нашарлап, жағымсыз иіс шығарады.

Рейсфедер түзу және қисық сызықтарды сиямен сызудың негізгі құралы болып табылады. Оның жұмысты атқаратын бөлігі – бас жағы екі параллель темір сызықшалардан тұрады («беттері»), олар үшкірлеу және домалақтау болып келеді. Бұраған кезде екі «беті» бір-біріне тепе-тең келуі керек. Рейсфедерді беті майда егеу қағазбен (наждачная бумага) егейді.

Циркуль дөңгелектер мен қисық сызықтарды сызуға арналған. Циркульдің бір басы үшкір инелі, екінші ұшына қарындаш грифелін не стерженьді ұстату үшін арнайы құрылғы бекітіледі. Циркуль, рейсфедермен қатар, сызуға арналған құралдар жинағына кіреді.

Қылқалам. Қылқалам – тиіннің құйрығынан жасалған жіңішке және жуан қылшықты құрал. Ұшының бейнесі – дөңгелек, жалпақ және флейцты (үлкен жазықтық беттері бояуға арналған жалпақ қылқалам). Сапасы

жақсы дөңгелек қылқаламды сулаған кезде, ұшы үшкір болып жиналады. Қылқаламдар қылының диаметріне байланысты бөлінеді:

Жіңішке қылқалам (№4, 5, 6, 7, 8, 9, 10) – табиғи қоршаған ортаны (антураж) бейнелеуге арналған.

Көлемі орташа қылқалам (№15, 16, 17, 18, 19) – көлемі орташа жазықтықтарды бояуға арналған.

Көлемі жуан қылқалам (№20, 21, 22) – үлкен жазықтықтың бетін бояуға арналған.

Қылшығы қатты жуан қылқаламдар көбіне құрғақ қылқалам техникасында, заттардың беткі пішінін көрсету үшін қолданылады.

Акварель бояулардан соң қылқаламды таза сумен жууға болады, ал гуашь пайдаланғаннан кейін жылы сумен сабындап жуады. Жуылған қылқаламдарды сілкіп кептіруге болмайды, сондай-ақ, оның қылшықтары қисайып, өз пішінін бұзбауы үшін құралдың басын газетке немесе басқа жұмсақ қағазға орап қояды.

Акварель бояулар. Оның үш түрі бар: құрғақ, төрт бұрышты, қатты; пластмасса ыдыстағы, жұмсақ, темір қалбырдағы сұйық түрі. Ең жақсы түрлері: «Нева», «Ленинград». Сипаттамасы: жеңіл, сұйық (қолдану кезінде).

Гуашь. Барлық гуашь бояулары астындағы ескі бояулардың үстінен басып жағылады. Сипаттамасы: жылтырамайды, қою. Өндірісте гуашь бояуының екі түрі шығарылады: көркемөнерге (станокты кескіндеме) және плакатқа сурет салу жұмыстарына арналған. Гуашь пластмасса және шыны ыдыстарда болады, бөлме температурасында сақталады. Кеуіп кеткен жағдайда сумен араластырылады.

Рапидограф – ұшында жіңішке инесі бар, тушь қолдануды талап ететін графикалық жұмыстарды орындау барысында қажет құрал. Инелері диаметріне байланысты №№0,18; 0,25; 0,3; 0,5; 0,7 деген түрлерге бөлінеді. Жұмысты орындау кезеңінде рапидографты тік ұстау қажет, құралды қатты баспайды. Кейде рапидограф құралдарының ішінде өзінің арнайы тушь бояуы болады, рапидографты толтырып қойса да, мұндай тушь бірнеше күнге дейін қатпайды. Рапидографты үнемі жылы сумен жуып тұру керек. Рапидографта дөңгелек және қисық сызықтарды жүргізу үшін арнайы циркульге жалғанатын құралы да қарастырылған. Тушьпен орындалатын жұмыстар үшін арнайы кетігі бар сызғыштарды қолдану қажет.

Микрограф – жіңішке штативті, автоматты қарындаш. Көлемі – 0,3; 0,5; қаттылығы әр түрлі болып келетін графитті стерженьмен толтырылады.

Фломастер – түрлі-түсті сиялармен толтырылған фетрлі қалам. Сәулет графикасында тек эскиздеу кезеңінде ғана қолданылады. Фломастермен тегіс жазықтық бетінде жұмыс істеу ыңғайлы.

Калька – жартылай мөлдір, сызудың үстінен бастыруға арналған. Кальканы шамамен үш түрге бөлуге болады: сиямен, қарындашпен және тушьпен жұмыс істеуге арналған.

1.2. ЖОБАЛАУ ГРАФИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ

Жобалау – жобаның құрылу барысы, болашақ немесе жобалы бейненің бастапқы көрінісі. Жобалау теориясының белгілі тұлғасы Дж. К. Джонс жобалау қызметін жасанды ортаның өзгеруіне арналған әрекеттің бастапқы кезеңі деп атайды. Бұл процестің басқа да анықтамалары бар, бірақ олардың барлығы дерлік жобалау негізі

ретінде жасанды орта тұлғасының моделін салу, бұдан бұрын болмаған, яғни жобалаушының (сәулетші, дизайнер, конструктор және басқа да мамандар) қиял-ойының, ой-өрісінің қорытындысын айтады.

Жобалау графикасы – сурет немесе сызу ретінде тұлға жазықтығының бойында көрсетілген тәсілдер жинағы, заттың қызметін, құрылысын, композициялық ерекшелігін көрсетуші.

Басқаша айтқанда, жобалау графикасы – дизайнердің өзінің шығармашылық идеяларын айқындайтын тілі. Кез келген бейнені жобалау – күрделі қызмет, ол бірнеше деңгейлерден тұрады: эскиздеу, жобаны пысықтау, көркемдеу. Әр деңгей арнайы мәселелерді шешеді, соған сәйкес тиімді, үнемді бейнелеу тәсілдері таңдалады.

Жобалау графикасында қолданылатын түсініктер мен тәсілдер

Қолдану әдісіне байланысты графиканың үш түрі бар: сызықты; түрлі-түсті, реңді (бір түсті).

Сызық – ең кең тараған, қарапайым және ыңғайлы графикалық тәсіл. Сызықтың көмегімен бейненің тек көлемін ғана емес, осы әдістің түрлі жинағын, бейнелеп отырған нәрсенің салмағын, сыртқы пішінін, ортадағы орнын көрсетуге болады. Графикалық сызық қолданылған хабарламаны оқу өте қиын (әсіресе, ғимараттардың жобалары) сондықтан бұл үшін арнайы мамандық қажет.

Нүкте – жарық пен көлеңкені көрсететін тәсіл, белгілі заттардың пішінін айқындайды. Нүктенің жеке өзін тәсіл ретінде өте сирек пайдаланады, көбіне сызықпен бірге заттың пластикалық сипатын, көлеңке мен жарықты анықтау үшін қолданады.

Түс дизайн аймағында, әсіресе, көрмелік сызулар кезінде кеңінен қолданылады, бейненің шынайылығы және ақпараттылығын көрсете алуымен ерекшеленеді.

Рең жазықтықтың жарықтық қатынасын, ең алдымен ахроматикалығын (түрлі-түсті бояудың жоқтығы және көлеңкені анықтау үшін, заттың пішіні мен пластикасын белгілеу үшін қажет.

Лекало әр түрлі қисық сызықтарды жүргізуге арналған. Ол көбіне пластмассадан көп бейнелі, көлемі әр түрлі болып икемделіп жасалады.

Желім көлемді макеттер, коллаж, жапсырма жұмыстарын орындауда қолданылады. Бұл жағдайларда ең алдымен қолданылып отырған желімнің сапасы маңызды рөл атқарады. Жай кеңсе желімі қағаздың бетінде сары дақ қалдырады. Соңғы уақыттарда қолданылып жүрген желімдердің ішінен декстрин желімі жақсы сапасымен белгілі. Декстрин желімі қағаздарды желімдеуге аса қолайлы. Желім жасау үшін декстрин ұнтағын 400 г/л есебінде суық суға ерітеді. Оны қолдан да жасауға болады. Бұл үшін картоптың құрғақ крахмалын темір табақта 400 °С-ге дейін қыздырып, нәтижесінде алынған мөлдір емес, қоңыр түсті түйіршіктерді үгітеді де, суға езеді.

Үлкен жазықтарды жапсыру үшін ұннан немесе картоп крахмалынан жасалған клейстер желімі тиімді.

Ең жақсы желім болып ПВА (поливинилацетатты) саналады. Ол ақ түсті, иісі жоқ, тез кебеді. Ағаш, картон, өйнек, тері мен маталарды желімдейді. Қою желімді суық сумен қажетті қоюлыққа дейін араластырады, ал, керісінше, өте сұйық болса, бетін ашып қойып қоюлатады. Май мен шаңнан тазартылған жазықтықтарға жұқа қабат етіп жағып, біріктіреді, қысады. Желім 20 минут ішінде заттарды біріктіреді, 24 сағатта толық кебеді.

Планшет – қағазды тартуға арналған ағаш, сәулеттік графикаға арналған, көлемі – 550x750 мм; 1000x1000 мм.

Қағаз планшетке мынандай әдіспен тартылады:

– жұмыс орнын және желімді дайындау;

– ватманды екі жағынан да сулау;

– қағазды планшеттің бетіне төсегенде, горизонтальды жағдайда жан-жағынан планшет бетінен 3-4 см шығып тұруы қажет.

Планшеттің қырларына желім жағып шығу керек. Қағазды жапсыру: шығып тұрған қағаз шеттерін екі жағынан бірдей планшеттің ортасынан бастап, бұрыштарына дейін оның қырларына баса отырып жапсырып шығады (қолдар әрқашан қарама-қарсы жағдайда болуы керек).

Сапалы жабысуы үшін қағаз жапсырылған планшеттің қырларын тарақпен жүргізіп шығу керек. Бұрыштарын кнопкамен қатыру қажет. Планшет горизонтальды жағдайда кептіріледі.

Аталған құралдар мен жабдықтар түрі дизайнерлік графика үшін тек бастапқы кезеңде ғана жеткілікті. Кейін қолданылуын меңгеріп, басқа да құралдармен жұмыс істеуге болады.

1.3. СЫЗЫҚТЫ ГРАФИКА

1.3.1. Суретті құралсыз орындау

Сызықты графика сызықты қолдануға негізделген, ол сызуды орындаудағы және барлық бейнелер мен проекциялардың, бөлімдердің контурын көрсетуге арналған. Сонымен қатар, заттардың көлемді орталық қасиеттерін көрсетуде сызықтың мүмкіндіктері көп.

Өзінің шығармашылық ойларын сызықпен айқындау – кәсіби графика мәдениетінің негізі. Сыртқы көлемдерінің анықтығы, заттардың контурларының көрнектілігі, сызықтардың толықтығы және анықтығы графиканы қабылдау ақпаратын жеңілдетеді. Ксерокспен жұмыс істеу кең тарағанмен, суреттің немесе сызудың құралсыз қолмен орындалуы әлі де жалғасып ке-

леді. Қаламұшпен орындалған графика жобалау жұмыстарының әр түрлі деңгейінде қолданылады (әскиздеу, көлемін айқындау, антуражды салу). Іс жүзінде қаламұшпен жұмыс істеу жазықтық бетінде құрал мен қолдың бірлесіп қимылдауының арқасында, шығармашылық жұмысты ұйымдастырады. Қолдың қозғалу қызметі көзбен байқағыштық қасиетке, орталық жүйке жүйесінің қалыпты жұмысына, ойлану деңгейіне, түріне, оқушының көркемсуреттік қабілетіне байланысты. Жұмыстың ерекшелігін түсіну, «орталық жүйке – көз – қол – құрал» сабақтастығы, бірлігі қабілеттің дамуына себеп етеді. Суретші, дизайнер, каллиграфия жөніндегі кітаптардың авторы А.П. Семченконың айтуынша: «биохимия тұрғысынан қарасақ, қол дегеніміз – қозғалғыш механизм. Дененің қатты бөліктері болып табылатын сүйектер буындарда біріккен, олар бостандық дәрежесі әр түрлі, өте күрделі қозғалыстарды орындайды. Сүйектерді қозғалысқа келтіру үшін күш салу керек. Бұл жұмысты бұлшық ет атқарады. Ол біресе жинала, біресе созыла отырып, саусақтарды, қолдың басын қозғалысқа әкеледі. Қозғалыс кезінде шектелген бостандық пайда болады. Мысалы, түзу сызықты жүргізген кезде қол механизмі тура осы жағдайда болады. Сопақ бейнелерді салу кезінде қызмет күрделірек қызмет атқарады. Қисық сызықты жүргізу үшін, біркелкі өзгермелі бұлшық еттер тобы белсенді түрде жұмысқа кірісіп, ал басқаларының қызметін төмендетуі қажет.



Қалың сызықтарды салу үшін тек күшті бұлшық еттердің қызметі керек болса, сезімтал кішкентай бұлшық еттер жіңішке, дәл сызықтарды орындау кезінде қажет. Қолдың қозғалысы бұлшық еттердің күшінен басқа, оқушының көңіл-күйінің, оның қолының орналасуы және жұмысқа арналған жазықтық пен құрал сапасына әсерін тигізеді.

Мынау көріністерде қаламұш техникасын алғаш қолдану әдістері көрсетілген. Оның бәрі қаламұш және қаламұш қаламымен орындалады. Қаламұшты құралсыз сурет салу кезінде қолдану графикалық мәдениеттің негізін құрайды. Осы тәжірибелерді бірнеше рет қайталау қолдың, шынтақтың, қылқаламның, саусақтың жұмыстарын графикаға тән үйреншікті жағдайға өкеледі.

1.3.2. Рапидограф және рейсфедермен жұмыс істеу ерекшелігі

Рапидограф және рейсфедерді қолдану арқылы орындалған жұмыстар өздерінің құрғақтығымен, барлық жерде сызықтардың бірдей жалпақтығымен ерекшеленеді. Сызудың өзгешелігі – құрал ізінің жалпақтығының өзгеруінде.

Рейсфедермен тек сызғыштың немесе лекалонның көмегімен жұмыс істейді.

Ал рапидографтың мүмкіндігі кеңірек: онымен көлемді сурет және эскизді орындауға болады. Бірақ, сызу кезіндегідей сурет салу барысында да рапидографты міндетті түрде тік ұстау керек. Осыған орай бейне көрінісінің шектілігі түсіндіріледі. Екі құрал үшін де жұмыс істеу тәртібі бір: құралды тік ұстау, оған күш салмау. Рейсфедер және рапидографпен жұмыс істеуде қолдың бұлшық етінің қызметтік механизмі тәжірибе жинақтап, үйреншікті дағдылар қалыптасады. Жіңішке сызықтардың рейсфедердің кішкентай түрлерімен, ал жуан сызықтар көлемдірек рейсфедермен орындалатынын ескеру қажет. Рапидографтың көп қолданылатын түрлері: 0,2; 0,3; 0,5.

Жұмыс барысында түзу сызық пен қисық сызықтың қосылуы қиын. Осы жағдайда алдымен қисық сызықты жүргізіп, кейін оған түзу сызықты қосу керек. Шеңберлерді сызу үшін басында рейсфедері бар циркуль қолданылады. Ал циркульмен сызуға келмейтін қисық сызықтар лекалоның көмегімен орындалады.

№1 тәжірибелік тапсырма. Графикалық жұмыс

Жұмыстың мақсаты: графикалық жұмыстарды құралдардың көмегінсіз орындау.




Құралдар: қағаз, тушь, қаламұш, рейсфедер, циркуль, лекало.

Жұмысты орындау тәртібі:

– жазықтықтың бетін әр түрлі графикалық тәсілдермен (нүкте, сызық) белгілеу, көрсетуге арналған тапсырма;

– заттың көлемін, бейнесін белгілеуге арналған тапсырма, графика әдісі: нүкте, сызық дақ, штрих);

– құралдардың көмегімен кішігірім үйлесімдерді орындау. Шеңбер, сызықтар, түзу сызықтар мен қисық сызықтардың түйісуіндегі үйлесім.



1.4. ТҮРЛІ-ТҮСТІ ЖӘНЕ РЕНДІ ГРАФИКА

1.4.1. Рең және түс

«Рең» түстің жарықтық немесе қараңғылық деңгейін, қара және ақ түстерінің салыстырымын анықтайды.

Тушьпен жұмыс істейтін суретші әдетте қара, ақ, сұр түстерді пайдаланады. Ақ – таза қағаздың түсі. Егер ақ түсті аймаққа аздаған мөлшерде, нүкте, сызық не дақ түрінде тушь жақса, сұр түс пайда болады. Түстің қаралығы осы белгілердің арасындағы арақашықтыққа байланысты. Сызықтар не нүктелердің жиілігі көбейген сайын, түс те қоюлана береді. Сәулеттік бейнелерді қорытындылау тәсілдерінде (артогональ, аксонометрия, перспектива) және бейненің көлемді-орталық мәнісін анықтауда реңді графикаға түрлі-түсті графиканы қосады.

Жоғарыда айтылып кеткендей, реңді графикада ахроматикалық түстер (қара, сұр, ақ) қолданылады, бұл түстердің көркемдік мүмкіндіктері көп. Бұл түстермен үстіңгі көріністер және разрездер, фасад, перспектива, антураж боялады. Түстің сызу көрінісі енгізілуі графикалық хабарламаны тез ұғуға мүмкіндік береді. Реңді дақтар проекцияларды байытады, олардың маңызды және қосымша көріністерін айқындайды.

Сәулетші К. Зайцев: «Сәулетші өзінің үйлесімдік ойларын тексере отырып, оларды графикалық айқындауға ұмтылады, аяқталған сызуларда ақ-қара түсті тәсілдерді қолдануда олардың кейбіреуінің заңдылығын білу шешімнің дұрыстығын анықтауға көмектеседі. Мысалы, контраст немесе қарама-қайшылық бейнені бірнеше бөлікке бөледі, ал нюанс бірлікті білдіреді, бейненің көлемсіздігін көрсетеді. Жалпақ жазықтықтың үлкендігін, «салмағын», биіктігін, олардың өзара арақатынасын айқындап көрсету, ең алдымен, ақ, сұр, қара реңдердің бөлінуіне байланысты. Ашық түстен қара түске дейін және керісінше, қара түстен ақшыл түске дейінгі ауысымда орындалатын графикалық әдіс бейне-

нің белсенді дамуын білдіреді. Заттың реңінің бірдей болуы статиканы көрсетеді.

Реңді графикада көбіне контраст және нюанстың жарықтық қатынасы (яғни, бейне жарықтығының қасиеті жарықтың өзінен тәуелсіз) «жарықсыз графика» деп аталады. Заттың көлемдік мінез-құлқын анықтау үшін жазықтыққа жарық түскен жерлерде және өз көлеңкесінде пайда болатын шеттік контраст қолданылады.

Реңдердің дұрыс қатынасы бейнеленген заттың алыс-жақындығын білдіреді. Реңді графикада ортаның тереңдігі бейнеленетін зат алдыңғы орында тұрған контрастілі (орта ашық түспен, ал зат пен одан түсетін көлеңкелер қараңғы, анық) және бейнеленетін зат алыста тұрған (түстері бәсең, көлеңкелері сұйық) нюансты түрде беріледі.

1.4.2. Жарықты көлеңке

Жарықты көлеңке (светотень) – бұл бейнені және ортаны құру тәсілі. Заттың бейнесін, пішінін анық көрсету үшін тек өз бойындағы және одан жазықтық бетіне түсетін көлеңкені көрсету жеткіліксіз. Зат бейнесі шынайы болуы үшін, оның қандай да бір бетіне жарық түсуін, яғни жарықтанып тұрған бөлігін көрсету қажет. Жарықты көлеңкенің жалпы сипаттамасы, түрі жарық беру көзінің орналасуына, жарық күшіне, жазықтық бетіне түскен сәулелердің бағытына байланысты.


Жарықты көлеңкенің көрсетілуін мына жағдайлармен байланыстыру керек:

– Ең жарық жері (блик): ол жарықтың жазықтық бетіне перпендикуляр түсуін білдіреді;

– Түсетін сәулелер бұрышының кемуі, жазықтық бетінің жарықтығын кемітеді;

– Ең аз жарық түсетін жері, сәулелердің жазықтық бетін жанап өтетін бөлігі (жарықты көлеңке шекарасы);

– Заттың бойындағы көлеңке одан жазықтыққа түсетін көлеңкеден ашық, өйткені жарық түспейтін жағына сәулелер әсер етеді (рефлекс);



– Заттан жазықтыққа түсетін көлеңке зат түбіне жақын жерінде қараңғылау болады.

Перспективалық көріністің графикалық әдісі «ауалық перспектива» деп аталатын түрімен байланысты. Көрерменге жарық түскен бөлік неғұрлым жақын болса, соғұрлым ол ашық болып келеді. Көлеңкелер бейнеленген суреттердің алдыңғы қатарларында кейінгі қатарлармен салыстырғанда әлдеқайда анық көрінеді.

1.4.3. Сәулеттік графикада акварель және гуашь бояуларын қолдану

Бояудың бұл екі түрі сәулеттік графикада фасад, перспектива, аксонометрия көріністерін бояуда кеңінен қолданылады. Осы жағдайда бейнеленген заттар анық және көрмелік сызулар ретінде сапалы көрінеді.

Бояуларды дұрыс қолдану үшін оларды араластыру заңдылықтарын білу қажет:

а) екі қосалқы түстерді араластыру ахроматикалық түс береді (сұр);

б) екі негізгі түстерді араластыру хроматикалық жаңа түс береді, түрлі-түсті спектрлік шеңберде (түстерді араластыру барысында пайда болатын) бар.

Үш түстен әр түрлі пропорцияларда қоса отырып, неше түрлі түстерді алуға болады. Ең көп тараған варианты: қызыл (краплак) + көк (көгілдір – глазурь) + сары

(стронциан) немесе ультрамарин + ашық қызыл + кадмин сары.

Араластырудың үш тәсілі бар:

Механикалық – екі немесе бірнеше бояуды араластыру;

Лессирлеу (лессировка) – бояулардың мөлдір қабаттарын бірінің үстінен бірін жағу арқылы жаңа түс шығару. Ең алдымен жылы түстер, оның үстінен суық түстер жағылады. Оның үстінде астыңғы бояу біршама қоюырақ, ал үстінен жағылатын бояудың реңкі сәл бәсеңдеу болады.

Майда жақпа – кеңістікте орналасқан заттарды бейнелеуде жиі қолданылады. Жазықтықта нүктелер, өрнектік пішінде не сызықтар арқылы салынады. Кеңістік түрінде қабылдауда жаңа түс не рең елесін береді.

Акварель бояулармен орындалған жұмыстың өз ерекшеліктері бар. Оның жақсы қасиеттері болып мөлдірлігі және ашықтығы табылады. Акварель бояулар әр түсті болса да сапасы бір: ірі түйіршік және майда түйіршікті. Бояудың құрамына оның фактурасы және мөлдірлік дәрежесі тәуелді.

Мөлдір бояулар (майда түйіршікті) астынан қағаз көрініп тұратын, лессирлік тәсілмен жұмыс істеуге қолайлы. Олардың қатарына краплак, жасыл, берлиндік лазурь, көгілдір бояулар жатады. «Жылы және қанық бояудан суық және бәсең реңді бояуға» деген талапты есте сақтай отырып, лессирлік бояуларды 2-3 қабат жағуға болады.

Ірі ұнтақты бояулар қағаз бетінде жалпақ ұнтақты із қалдырады, бұл боялған жазықтықтың фактурасын байытып көрсетеді. Жабыла жағылатын бояуларды жазықтық бетіне бір қабат жағу керек. Сары крон, охра, сурик, ультрамарин және басқалары ірі түйіршікті бояуларға жатады.

1.5. СЫЗУЛАР. ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ. ОРЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

1.5.1. Сызудардың орындалуы

Сызудардың дұрыс орындалу тәртібі жұмыс уақытын үнемді пайдалануға, артық жұмыс істеуден аулақ болуға және графикалық ақпараттың дұрыс эстетикалы да болуына мүмкіндік береді.

Сызықты графикада орындалатын сызулар алдымен қарындашпен сызылады. Осы деңгейдің өзінде қалың және жіңішке сызықтарды анықтап орындау қажет. Бұл кезде Т, 2Т қарындаштар қолданылады. Егер сызудың қарындашпен орындалуы талап етілсе, онда оны Т, ТМ немесе «люмограф» қарындашымен сызық қалыңдығын ескере отырып жүргізеді.

Тушьты қолдану арқылы орындалған сызулар әдемі көрінеді. Тушьпен басылатын жұмыстар алдымен қарындашпен сызылады. Тушьпен басудың алдында сызықтардың қалыңдығын және реңінің қанықтылығын анықтап алу керек. Сызықтардың үш түрі бар: негізгі, көмекші (өсімдік, көлемдік) және бөлу сызықтары.

Кез келген сызудың орындалу принципі – жалпыдан жеке затқа дейін.

Сызу қарындашпен мынадай тәртіппен орындалады: алдымен қағаз бетіне сызылуға жоспарланған проекцияларды, жазуларды дұрыс орналастыру қажет (компоновка);

Жіңішке сызықтармен бөлетін осьтер және барлық проекциялардың көлемдік сызықтарын көрсету керек;

Жіңішке сызықтармен негізгі проекцияларды сызып алады, кейін сызуды пысықтайды, негізгі принципті бұзбай, алдымен ірі бөлшектерден майда бөлшектерге өтеді.

Сызудағы сызықтардың айырмашылығын көрсете отырып, жазуды жазады.

Тушьпен бастыру кезінде осы айтып кеткен талаптар мына тәртіппен орындалады:

– бастыруды ең жіңішке сызықтардан бастайды.

– қажетті қалыңдықтағы сызықтарды жүргізеді: алдымен қисық сызықтарды, одан кейін бейненің түзу кесінділерін (бұл тәртіп қисық және түзу сызықтарды жүргізудің әр кезеңінде де сақталуы керек);

– ең қалың сызықтарды және жазуларды басады.

Сызудың әр түрін сызған кезде масштаб туралы түсінікті білу қажет: *масштаб* деп бар кескіндеменің сызу бетіндегі үлкендеу немесе кішілеу қатынасы айтылады. Мысалы, кеңістіктегі 100 см кесіндінің сызуда көрсетілген 1 см-лік кесіндіге теңдік қатынасы.

1.5.2. Аксонометриялық сызулардың проекциялары

Аксонометрия – заттың белгілі бір ракурстағы көрінісі. Бұл сәулеттік бейнелердің көлемді-орталық және пластикалық қасиеттерін барлық жағынан анық көрсететін әдіс, әсіресе сызудан хабары жоқ адамдардың түсінуіне мүмкіндік береді. Аксонометриялық проекциялардың болжамалы көрінісі – үш өлшемді ортаның конструктивтілігі, пластиканың айқындығы. Аксонометриялық проекцияларда көбіне бейненің жалпы көрінісі сызылады, ал қандай да бір жеке бөлігі не үстіңгі көрінісін бейнелеу сирек кездеседі.


Аксонометриялық көріністер үшке бөлінеді:

Изометриялық – грек тілінен аударғанда «бірдей өлшем» деген мағынаны береді, үш өлшемді заттың бейнесін жазықтыққа көшіргенде ауытқу коэффициенті координат жазықтығының үш осінде де бірдей болады.

Диметриялық – зат бейнесін жазықтыққа көшіргенде, екі осьте ауытқу бірдей, ал үшінші осьте басқа мәнге ие бола береді, көбінесе 0,5 көрсеткішіне тең.

Триметриялық – үш осьтегі ауытқу мөлшері үш түрлі.

Проекцияның аксонометриялық жазықтықта орналасуына байланысты, аксонометриялық көрініс фронтальды және бұрышты болады. Фронтальды көрінісінде



бейнеленуші заттың бір қыры аксонометриялық жазықтыққа параллель болып келеді. Ал бұрышты аксонометрияда заттың барлық вертикаль қырлары өзгереді: төртбұрыштар ромбыға, тік төртбұрыштар – параллелограмға, шеңберлер – эллипске айналады.

Аксонометриялық сызуларды орындау кезінде мына жағдайларды ескерген жөн:

Өзгеру коэффициенттерін және осьтер арасындағы бұрышты сақтай отырып, көріністі тек осы аксонометриялық проекциялардың біреуінде салу.

Бейненің графикалық көрінісін толық көрсету: көрінбейтін сызықтарды, қырларды белгілеу.


Фасад бөлшектерін пысықтау қажет.

1.5.3. Перспектива сызуы

Перспектива проекциясы сәулеттік бейнені үш өлшем жағынан құрай алады. Сәулеттік перспективаның негізгі үш түрі бар: ғимараттың сыртқы пішінін, интерьерді (ішкі құрылымы) және ансамбльді көрсететін.

Перспектива заттың толық ортогональды проекцияларының негізінде салынады.

Перспективаны салу барысы мынадай талаптардан тұрады: көзбен көру нүктесін белгілеу, суреттік-жазық-



тық көріністің негізгі нүктесі мен қиылысу нүктесін анықтау, көкжиек сызығын көрсету.

Көзбен көру нүктесінің орналасуына байланысты перспективаның фронтальды және бұрышты (бір немесе екі қиылысу нүктесі бар) түрлері анықталады.


Фронтальды түрі бір нүктеде қиылысатын, көбінесе интерьер перспективасын және басқа симметриялық тереңдіктерді салуда қолданылады.

Ал бұрышты перспектива сәулет ғимаратының фасадтық құрылысы және пластикасын жақсы көрсетеді.

Көзбен көру және суреттік жазықтық арасындағы арақашықтық та (перспективалық көріністер проекцияланатын) перспективаның салынуына әсерін тигізеді: бұл арақашықтық неғұрлым алыс болса, соғұрлым үйлесім статикалы сипатта болады.

1.5.4. Сәулеттік сызулардың ортогональды проекцияларда сызылуы

Үстіңгі көрінісі (план) – бұл ғимараттың көлденеңінен бөлгендегі үстіңгі көрінісі. Ол ішкі бөлмелердің үйлесімділік және қызметтік байланысын анықтайды. Бұл көріністе салмақ түсетін тіректердің көлемін және орналасуын, басқа да құрылымдық заттарды көрсетеді.



Фасад деп ғимараттың сыртқы, жазықтыққа тігінен проекцияланатын көрінісін айтады. Бұл сызулар сәулет ғимаратының сыртқы көрінісін, үйлесімділігін, құрылысын, масштабын анық көрсетуі қажет.

Үстіңгі көріністі сызу

Бұл жұмысты сызу кезінде, болжамды көлденең қималарға бөлу үшін ғимараттың биіктігінен $1/3$ бөлігінде немесе еденнен 1 м биіктігінде кеседі.

Үстіңгі көріністе міндетті түрде ғимараттың осьтерін, олардың өзара және шеткі осьтермен арақашықтығын, деформациялық қосылулардың осьтерін, еденнің ауданын және бағытын, қабырғалардың қалыңдығын, терезе-есіктерді, бөлмелердің көлемін және атауларын, қабырғада орналасқан қосымша бөліктерді, қоймаларды, құрылымдарды салады, ал кесілген көлденең қимадан биік орналасқан жазықтықтарды штрихті үзік сызықпен көрсетеді.

Бұл көріністі сызу жіңішке Т, ТМ қарындаштарымен мына тәртіпте орындалады:

- көлденең және ұзындық бойымен жүретін бөлу осьтерін көрсетеді;

– барлық сыртқы және ішкі қабырғаларды, үстіндарды сызады;

– терезе және есіктердің орнын белгілейді және қабырғаларда есіктердің ашылуын көрсетеді;

– санитарлық-техникалық жабдықтарды сызады және қажетті көлемдік өлшемдерді көрсетеді, жазуларды жазады.

Қарындашпен сызылған сызуды тексеріп болғаннан соң оны тушьпен бастырады.

Фасадты сызу

Үстіңгі және көлденеңінен қиылған (разрез) көріністерге байланысты фасадты сызуға қажетті барлық мәліметтер:

Үстіңгі көріністе ғимараттың ұзындығы, терезе-есіктердің көлемі, олардың арақашықтығы, биіктігі, фасадтың контуры жіңішке сызықпен сызылады. Бірақ алдыңғы қатарда тұрған заттарды қою тушьпен сызуға және сызықтарды қалыңырақ алуға, кейінгі қатардағылардың сызығын жіңішкелеу және біраз ашығырақ көрсетуге болады.

Сызықтарды осылай бөле отырып, фасадтың көлемін анықтап, әуелік бос перспективаны сездіруге болады.

Фасадты сызу тәртібі

Ғимараттың жалпы көрінісін және алдыңғы қатарға шығып тұрған заттарын сызады.


Терезе-есіктерді, балконды, кіреберіс есіктің үстіндегі маңдайшаны және басқа да сәулеттік элементтерді сызады:

Олардың дұрыс орындалғанына көз жеткізген соң, тушьпен бастырады.

Егер фасад боялатын болса, онда тушьты оның түсі қарындаш сызығының түсіне келгенге дейін сумен араластырады. Бұдан кейін қарындаш сызығының артық бөліктерін өшіргішпен тазалап, фасад көрінісін таза сумен жеңіл-желпі жуады, бұдан кейін сызудың келесі қадамдарын жүзеге асыра беруге болады.

Антуражды көрсету

«Антураж» – француз тілінен аударғанда «айнала, аймақ». Дизайнерлік графикада антураж деп пейзаждың бейнелеуі, ал стаффаж деп адамдарды, автомобильді көрсету аталады. Сызуды қабылдау қағаз бетін тығыз толтыру сапасына байланысты. Ол: антураж және стаффаж саны, сызулар қалыңдығы және түрлі-түсті дақтардың болуы. Бірақ оларды тым күрделендіру кері әсер етіп, қабылдауға кедергі болады. Бұл жағдайда антураждың қарапайым түрін таңдау қажет. Сызуда адамдарды көрсету арқылы сәулетші ғимараттың масштабын анықтайды. Бұл үшін адамның дене бітімінің пропорциясын білу қажет. Әдетте үлкен адамның басы бойының биіктігінен 7-7,5 есе кішкентай келеді, ал қолды дененің бойымен төмен ұстағанда ортан саусақтың ұшы бөксенің ортасына дейін, ал шынтақ бел шамасында болады.



Бір түсті сұйық бояудың (отмывка) көмегімен бейненің көлемі – орталық сипаттамасын анықтау

Бұл жұмысты орындау үшін тығыз ватман, үлкен және кіші көлемді домалақ қылқалам (сарыкүзен мен тиіннің қылшықтарынан жасалған), қытай сиясы немесе акварель бояу қолданылады. Алдымен эскизді орындап алған пайдалы. Көлемін ойластырып, жұмыс тәртібін анықтап алып, жұмысқа кірісуге болады. Қағаз тартылған планшет бетінде қытай сиясымен (қарындаштың түсіндей) бояудың негізгі проекциясы сызылады. Кепкеннен кейін қытай сиясы сумен жуғанда кетпейді. Бояу дұрыс жағылуы үшін планшетті жуып, көлденең жағдайда кептіреді. Бояу кезінде планшеттің бас жағы 15-20 градусқа көтерілуі керек. Қылқаламмен бояуды алып, штрих тәрізді қозғалыспен бейненің жоғарғы жағынан бастайды. Қылқаламды қайта-қайта бояуға батыра отырып, тамшыны солдан оңға қарай жүргізіп отырады, сорғып жиналған сұйықты қылқаламмен жинап алады. Қылқаламды қағаз бетіне тигізбейді. Сондықтан тамшы мол болуы қажет және боялған жазықтық толық кеппейінше, оның үстінен келесі қабатты жағуға болмайды. Бұл техникада ашық түстен қараңғы түске және керісінше, қараңғы түстен ашық түске өту әр түрлі қоюлықтағы бояуды қолдану арқылы орындалады. Бұл жұмыс қажетті рең пайда болғанша қайталана береді.

№1 тәжірибелік тапсырма. Бір түсті бояудың көмегімен геометриялық денелерді бояу

Жұмыстың мақсаты: бір түсті сұйық академиялық бояуды орындау.

Құралдар: планшет, «торшон» қағазы, акварель бояу, қылқалам.

Жұмысты орындау тәртібі:

- сатылы бояу;
- бөсең өзгеру (растяжка) жұмысы;
- цилиндрлік жазықтықтың сатылы боялуы;
- цилиндрлік бейненің бөсең өзгермелі боялуы;

- шар тәрізді жазықтықтың сатылы боялуы;
- шар бейнесінің бәсең өзгермелі боялуы.

№2 тәжірибелік тапсырма. Бір түсті сұйық бояудың көмегімен сәулеттік фасадты бояу

Жұмыстың мақсаты: сәулет фасадын көшіріп сызу, бейненің өз беттеріндегі және одан жазықтыққа түскен көлеңкені салу, оның алғашқы және кейінгі қатарларын көрсету.

Құралдар: 55x75 см-лік планшет, «торшон» қағазы, акварель бояу, қылқалам, «қытай» сиясы.

Жұмысты орындау тәртібі:

- кітапханада сәулет ескерткіштерімен танысу;
- айнытпай салу;
- сәулеттік фасадтың үйлесімін қорытындылау;
- фасад сұлбасын қарындашпен салу;
- бейнеден жазықтыққа түсетін көлеңкелерді көрсету;
- фасад сұлбасын сұйық сиямен бастыру;
- фасадтың алғашқы, кейінгі қатарларын анықтай отырып бояу;
- терезе-есіктерді бояу;
- бейненің өз беттеріндегі көлеңкені көрсету;
- алға шығып тұрған элементтердің көлеңкесін салу;
- антуражды салу.

№3 тәжірибелік тапсырма. Заттың сыртқы пішінін келтіріп салу (имитация)

Жұмыстың мақсаты: бояудың, графиканың, монотипияның, аралас техниканың көмегімен әр түрлі заттардың беткі пішінін көрсету.

- ағаш;
- тас;
- минералдар;
- өйнек;
- бетон.

Құралдар: қағаз, картон, тушь, қаламұш, гуашь, акварель, қылқалам, т.б.

1.5.5. Макет

Дизайнерлік қызметте орталық концентрацияны графикалық түрде көрсету жеткіліксіз болатын жағдайлар болады. Бұл жағдайда негізгі ойды макетте көрсеткен дұрыс.

Макеттеу – заттардың немесе олардың жинағын әр түрлі құралдардың көмегімен дәл көлемінде немесе қажетті масштабта орындау. Макеттеу – зат туралы толық мәлімет беру тәсілі және тиімді жобалау әдісі. Бұл жұмыстың барысында компоновка және жеке бейнелер, өсіресе, сыртқы пішіні ыңғайлылығы, бөлшектердің ішкі өзара байланысы пысықталады. Макеттеу жобалаудың күрделі мәселелерін шешуге мүмкіндік береді, жобалау идеясынан бастап, оның жауапты жақтарын пысықтауға болады. Сондықтан макеттеу дизайнерлік қызметтің жобалау ізденістеріндегі маңызды пән болып саналады.

Макет – жобаланып отырған немесе қолданудағы ғимараттың не заттың кішірейтілген немесе дәл көшірілген нұсқасы.

№5 тәжірибелік тапсырма. Геометриялық дененің макетін жасау

Жұмыстың мақсаты: геометриялық дененің жалпы пішу қиығын (развертка) жасау және оны қағаздан жапсырып орындау (куб, пирамида, призма).

Жұмыс құралдары: қағаз, қайшылар, желім, т.б.

Жұмысты орындау тәртібі:

- макеттің масштабын таңдау;
- пішу қиығын орындау;
- майысатын жазықтардың бетін тілу;
- қырларын пышақпен жалпақтау;
- желімді жіңішке қырларына жағу.

2-ТАРАУ. КОМПОЗИЦИЯ НЕГІЗДЕРІ

2.1. КОМПОЗИЦИЯ ТӘСІЛДЕРІ

Композиция (латын тіліндегі «*compositio*» деген сөзінен, яғни шығарма деген мағынаны білдіреді) бейненің құрылысында оның мағынасын және мазмұнын анық көрсететін көркемдік-конструкторлық шығармашылық деуге болады.

Композиция туралы ғылымның, басқа да ғылым түрлері секілді, сәулеттің, қолөнердің және көркем өнердің даму барысында қалыптасқан белгілі анықтауыштары бар. Біздің айтып отырғанымыз – композицияның негізгі тәсілдері: динамика, статика, симметрия, ассиметрия, көлемді-орталық құрылысы, нюанс, контраст, ансамбль, т.б. Бұл категориялар заңды түрде қалыптасқан органикалық және бейорганикалық табиғатпен байланысты.

Зат бейнесін жазықтыққа орнықтыру кезінде дизайнер оны қызметтік, «рухани», техникалық мазмұнға бөледі, мағыналы сұлулықты туғызады. Заттық композицияның мәнісі оның атқаратын қызметі барысында бейнесінің өзгеруіне, қандай құжаттан жасалғандығына, құрылысына байланысты. Композицияның мақсаты – тек қызметтік, техникалық және технологиялық жағдайда жоғары қамтамасыз етілген затты жасау ғана емес, сонымен қатар, осы талаптардың негізінде оның эстетикалық сапасын – сұлулығын, бөлшектердің өзара дұрыс өлшемділігін қалыптастыру.

Компоновка дегеніміз – композициялық құрылысты іздестіру, жобаланатын бейне бөлшектерінің қаты

насы, олардың ортадағы бір бүтінді құрауы және де осы жұмыстың қорытындысы. Дизайндағы бейне туындау жұмысының ең маңызды тарауы.

Комбиторика – дизайндағы композициялық бейне туындау тәсілдерінің бірі. Ол дизайн бейнелерін түрленген типтік нәрселерден жобалау тәсілі және графикалық құрылыстардың конструктивтік, орталық болжамалы әрі өзгермелі заңдылықтарын қолдану және зерттеуге негізделген. Комбиторика бейненің табиғи өзгеруіне жақын, ол құрылым бөлшектерін тиімді қолдануға және жалпы өндірісті жетілдіруге мүмкіндік береді.

Комбиториканың кез келген жобаны автоматизациялауға да тікелей қатысы бар.

Кез келген заттың белгілі бір құрылысы және құрылымы болады. Қызметі, көлемі, түсі заттың құрылысын белгілейді. Бірақ мұның бәрі қосылғанда да, композиция деп атауға жеткіліксіз. Тек мына үш жағдайда ғана композиция туралы сөз қозғауға болады: ыңғайлылық және әдемілік талабы, сондай-ақ адамның затқа қойған өзіндік ерекше өлшем-талаптарына сәйкестік. Бейненің композициялық ерекшелігінің маңызды шарттары – оның құрылысы, қызметі және құрылымдық негізінің тұтастығы. Пайдалылық және сұлулық дизайн саласында екі бөлек өмір сүре алмайды. Егер заттың қызметтік және эстетикалық қасиеттері қосыла отырып, оның ішкі сапасы, құрылысы, бөлшектері бір бүтін болып жиналмаса, онда зат шын мәнінде композициялық құрылымды болып саналмайды.

Жазықтық бетінде орналасқан кез келген көлемді құрылымдардың барлығы да ортақ композициялық заңдылығымен орындалады. Бұл ортақ композициялық тәсілдерін қолдануға байланысты. Олар: динамика, статика, ритм, метр, тектоника, масштабтылық, контраст, нюанс, ансамбль.

2.1.1. Динамикалық және статикалық үйлесім

Бейненің уақыт аралығында өзгеруі нәтижесінде ортада және қозғалыста әр түрлі композициялар туындайды. Динамикалық және статикалық композиция түрлерінің шығу тегі көп түрлі табиғи бейнелердің және заттар әлемінің қозғалатын және қозғалмайтын екі топқа бөлуінде жатыр. Бірақ, көп ретте статикалық деп түсінілетін бейнені де динамикалық композицияда көрсетуге болады. Мәселен, өсімдіктер тұрақты жерде орналасқанымен, олардың өсу қабілеті бар.

Адам өзінің шығармашылық тәжірибесінде табиғат және қоғамның заңдылықтарын әдейі қолданады. Ол өзіне қолайлы динамикалық және статикалық нәрселерден тұратын жасанды заттық ортаны ұйымдастырмайынша, еңбек ете немесе демала алмайды.

Статикалық жағдай ғимараттың стационарлы заттарына тән. Ол көбінесе жиһаз, ыдыс-аяқ, т.б. сол сияқты заттар арқылы көрінеді, бұл заттар адамның қалауына байланысты орындарын ауыстырып тұрғанымен, олар тұрақты, яғни статикалық болып есептеледі.

Ең динамикалық құбылыс ретінде транспорт немесе машинаның басқа түрлерін атауға болады. Ал жерге мықтап бекітілген заттар – станок, құбырлардың өзінде ішкі динамика бар.

Статикалық және динамикалық жағдай динамикалық және статикалық композициядан айрықша.

Динамикалық композиция деп заттың бейнелік көркемдігін айтады, нақты немесе болашақ қозғалысты көрсететін ол ритмика, өсу, даму түрінде бейнеленеді. Ал статикалық композицияның мәнісі – тыныштық, қозғалыссыз, стационарлық жағдайды білдіру.


№1 тәжірибелік тапсырма. «Динамика» және «Статика»

Жұмыстың мақсаты: Түрлі-түсті немесе рельефті түрде «динамика» және «статиканы» білдіретін композицияны орындау.

Құралдар: қағаз, желім, картон, пенопласт, гуашь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- «динамика» және «статика» деген түсініктермен танысу;
- композиция заттарын таңдау;
- динамикалық және статикалық композицияны жасау.



01



02



03



04



05



06

2.1.2. Симметриялық және ассиметриялық композиция



Симметрия және ассиметрия бір-бірін толықтыра отырып, заттың сапалық мінездемесі болып табылады, оның заңды құрылысы – саналы ойластырылған, нақты тұрақтылық, сұлулық.

Симметриялы зат деп геометриялық немесе денелі жағынан тең, белгілі тәртіпте орналасқан затты айтады. Симметриялық композицияда оның барлық бөліктері тепе-теңдік жағдайда, объектілер суреттің орталық осінен тең, бір-бірінен айнамайтын екі бөлікке бөлінеді. Симметрияның бұл ең қарапайым түрі, ол заттың айнаудан шағылысқанындай екі жақтың тепе-теңдігін негізделген.

Бұдан басқа симметрияның осьтік және винтті түрлері де болады.

Өнердегі симметрия нақты пішінге, симметриялы құрылымды заттары көп ақиқат ортаға негізделеді.





Б. Талқамбаев «Уран»

Мәселен, адамның, жануардың, жәндіктің денесі симметриялы болып табылады.

Симметриялық композиция классикалық болып есептеледі.

Ассимметриялық композицияда объектілердің орналасуы сюжет пен идеяға байланысты алуан түрлі болуы мүмкін. Суреттің оң жақ пен сол жақ бөлігі тепе-теңдік те емес, маңызды орталық не негіз мүлдем шетте жатуы мүмкін.

Ассимметриялық композиция симметриялықпен салыстырғанда қазіргі заманға сай. Композицияның бұдан түрінде бейнеленген заттардың тепе-теңдігін қамтамасыз ету күрделі болғанымен, ол динамикалы әрі қызықтырақ көрінеді.

№2 тәжірибелік тапсырма. «Симметрия» және «Ассимметрия»

Жұмыстың мақсаты: «симметрия» және «ассимметрия» түсініктерін ұғуға арналған жұмыстарды орындау оларды бұдан бұрын танысып өткен композициялық тәсілдермен байланыстыру.

Құралдар: қағаз, түрлі-түсті қағаз, гуашь.



Жұмысты орындау тәртібі:

- «осьтік», «орталық» симметрия түсінігімен танысу
- композицияны құрау;
- арнайы тапсырманы осы тәсілдерді қолдана отырып орындау.

2.1.3. Метр және ритм

Композиция құруда суреттегі негізгі ритмдік заңдылықтарды білу өте маңызды болып табылады.

Ритм – белгілі бір өлшемі бар, сезу мүшелерімен сезілетін элементтерді кезектестіру, қайталауды білдіреді. Ритм – музыка, поэзия, сурет, сәулет өнеріндегі мәнерлеу тәсілдерінің бірі. Өнерде ритмдік заңдылықтың екі



түрі бар – салыстырмалы түрде тұрақты және тұрақсыз. Тұрақты ритмдерді өрнектік өнерден, поэзия мен биден байқауға болады. Тұрақсыз ритмдер біртекті емес, үдемелі не кемімелі сипаттамаға ие. Олар көбінесе сурет өнерінде кездеседі. Ритмнің осы екі түрінің бір-біріне ұласатын жағдайлары да болады.

Бір элемент немесе пішін бірнеше рет қайталанатын қарапайым метрлік қатар ($A + A + A$) тепе-теңдік және тыныштықты білдіреді. Мысалы, теледидар пультіндегі батырмалар, компьютер пернетақтасы.

Ритм заңдылықтары дизайндағы заттардың бейне туындауында қолданылады. Ритм зат бейнесінің заңды құрылысын айқындап, оның динамикалық сипаттама-сының, қызметтік талабының эстетикалық жетілдіріл-

генін көрсетеді. Ритмдік қатарлар – заттардың контрастілі немесе нюансты өзгеруінің қорытындысы.

Ритмдік құрылыс бейненің пластикасында, динамикалы сызықтарда байқалады. Басқа да композициялық тәсілдермен қосылып, бейненің саналы жетілдірілген құрылысын анықтайды. Метр және ритм өзара үйлеседі.

№3 тәжірибелік тапсырма. Метрлік композиция

Жұмыстың мақсаты: модульді қолданып метрлік қатарды құру, метрлік тордың түрлерімен танысу.

Құралдар: қағаз, желім, түрлі-түсті бояулар, гуашь, қылқалам.

Жұмысты орындау тәртібі:

- «метр», «модуль» деген түсініктермен танысу;
- модульді таңдау;
- жұмысты орындау.

№4 тәжірибелік тапсырма. Ритмдік композиция

Жұмыстың мақсаты: ритм қолданылған композицияны орындау.

Құралдар: қағаз, желім, түрлі-түсті қағаз, гуашь, желім.

Жұмысты орындау тәртібі:

- «ритм» түсінігімен танысу;
- композиция элементтерін таңдау;
- жұмысты бейнелердің ауысуын қолданып орындау;
- бейне бөлшектері түстерінің ауысуы.

2.1.4. Тектоника

Дизайндағы тектоника дегеніміз – форманың материалға сай келуі, өндірістік бұйымның ең негізгі екі сипаттамасы болып табылатын құрылымдық негіз бен форманың барлық күрделі жақтарының (пропорциялары, метрлік қайталаулар, жалпы қасиеттері, т.б.) өзара байланысы. Тектоника заңдылықтары зат бойындағы қозғалатын және қозғалмайтын бөлшектерінің салмақты көтеретін және түсіретін аумақтарын, құрылымның жұмысын, құралдардың мықтылығын, тұрақтылығын анықтайды. Тектоника заңдылықтары механика заңдарына (статика, аэростатика, гидростатика, кинематика, динамика), тығыздық теориясына сүйенеді.

Құрылымның қызметтік маңызы жиһаздарда анық көрінеді. Орындық, үстел, кресло түрлерінің көптігіне қарамастан, олардың барлығы да төрт маңызды құрылымдық талаптарға негізделген: каркастық, орталық, панельді, рамалық.

Қазіргі кезде дизайнерлер орталық құрылымдардың шығу тегін анықтау үшін табиғат бейнелерін мұқият зерттеуде. Олардың қатарында жұмыртқа қабығы, ағаш жапырақтарының көп қатпарлы құрылысы, ұлу қабыршағының құрылысы, т.б. бар.

Ғылымның жоғары дамуы, құрылымның жаңа төсілдерін жетілдіріп, дамыту, құжаттардың физикалық және механикалық қасиеттерін тереңірек қарастыру табиғатта бар бейнелердің сыртқы пішіні мен конструкциясын зерттеуге және меңгеруге мүмкіндік береді.

Пропорция

Барлық денелер, сондай-ақ олардың бөлшектері қандай да бір белгілері бойынша салыстырмалы немесе бір-біріне қатысты өлшемді болуы мүмкін. Бұл өзара өлшемділік, бүтіндік пропорциялық қатынас немесе жай ғана пропорция деп аталады.

Пропорция сызықтық, аудандық, көлемдік, салмақтық, түстік, күштік, беріктік, жарықтық, т.б. өлшемдері арқылы қарастырылады.

Пропорцияны білу және қолдану ойға алған істің сәтті аяқталуына мүмкіндік береді. Мәселен, химия саласында түрлі заттардың дәл салмақтық пропорциясын сақтай отырып жасалған қосылыстар жаңа зат алуға көмектеседі. Ал құрылыс саласында құрылыс материалдарының құрамы мен құралым элементтерінің өлшемдерінде пропорцияны сақтамау ғимараттың тез қирауына әкеп соғады.

Масштаб және масштабтылық

Дизайндағы масштаб пропорциямен тығыз байланысты. Масштаб та заттардың өзара қатысты өлшемділігіне негізделеді. Айырмашылығы – пропорция композиция бөліктерінің арасындағы үйлесімділікті талап етсе, масштаб заттың өлшемін қандай да бір бекітілген стандарт немесе белгілі бір тұрақты өлшеммен салыстырады.

Механикалық масштаб

Механикалық масштаб – өлшеудің стандарттық жүйесінің бірліктеріне негізделген физикалық өлшемдер. Мәселен, біз АҚШ-тың тұтынушылық жүйесіне сәйкес үстелдің ені – 3 фут, ұзындығы – 6 фут және биіктігі 29 дюйм (Халықаралық метриялық жүйе бойынша, ені – 914 мм, ұзындығы – 1829 мм және биіктігі – 737 мм) деп айта аламыз. Өлшеудің мұндай бірліктерімен таныс болсақ, біз қандай да бір нақты үстелдің өлшемдерін көзбен көру арқылы да анықтай аламыз.

Визуалдық масштаб

Визуалдық масштаб – қандай да бір заттың қасындағы заттарға қатысты алғандағы өлшемі. Біз көбінесе заттарды өзіміз білетін басқа заттармен салыстыра өлшейміз. Мәселен, жоғарыда аталған үстел өлшемдері жағынан бөлмеге үйлесімді не үйлесімсіз болуы мүмкін. Бұл бөлменің өлшемдеріне байланысты болады.

Адам масштабы

Адам масштабы – айналадағы ортаның өлшемдерін сезіне білу қабілеті. Егер бөлменің немесе интерьер элементтерінің өлшемдері еңсені басып, олардың жанында өзіңізді тым кішкентай сезінсеңіз, демек, бұл жерде адам масштабы жетіспей тұрғаны. Ал егер, керісінше, бөлме еңсені баспай, өзіңізді қолайлы, жайлы сезінсеңіз, демек бұл бөлме – адам масштабына сәйкес.

Интерьердің адам масштабына сәйкестігіне көз жеткізу үшін, көбінесе өлшемдері өзімізге таныс элементтерді пайдаланамыз. Бұл – есік-терезе, үстел, отыруға арналған түрлі жиһаз. Бұл заттарды көбінесе бөлмеге адамдық масштаб беру үшін қолданады.

Масштабтық арақатынас

Интерьер масштабы тек арақатынас жинағымен ғана шектелмейді. Интерьер элементтері бөлмемен, бір-бірімен және осы бөлмені пайдаланушы адамдармен де арақатынасқа түседі. Бөлме масштабына сай кейбір элементтер басқа элементтермен сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл әдіс адам назарын аудару, орталық нүктені жасау не ерекшелеп көрсету үшін қолданылады.

№5 тәжірибелік тапсырма. «Пропорция», «Масштаб және масштабтылық»

Жұмыстың мақсаты:

Белгілі бір тақырыпқа рельефті немесе түрлі-түсті бояуды қолдану арқылы орындалған пропорцияны және масштабтылықты білдіретін композицияны орындау.

Құралдар: қағаз (А3 форматты), картон, гуашь, акварель.

Жұмыстың орындалу тәртібі:

- пропорцияланумен танысу;
- «алтын кескін» түсінігімен танысу;
- композицияны орындау.

2.2. КОМПОЗИЦИЯ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

2.2.1. Композиция түрлері

Сәулет және дизайн саласында ең маңызды орынды тұлғаның өлшемділігі тұратыны белгілі – оның сызықтық, жазықтық, көлемдік сәйкестігінің, үйлесімділігінің сапасы, сәйкесінше, фронтальдық, көлемдік және тереңдік-орталық композициясын анықтайды.

Жер бетіндегі біз сезіне, көре алатын нәрсенің барлығы үш өлшемді болғанымен, фронтальдық композиция бейненің екі өлшемі негізінде анықталады. Жазықтықта орналасқан заттың көрерменге қатысты тік және көлденең өлшемдері қабылданады да, жазықтықтың өзі және сызық абстракциялы категориялар қатарына жаатады. Бірақ, осы категорияларға сүйеніп жасалған заттардың өлшемдері туралы айтуға болады, мысалы, қағаз парағын нақты жазықтық деп санауға болады, өйткені оның қалыңдығы ұзындығы және енімен салыстырғанда тым шамалы, сондай-ақ қағаз бетіндегі қарындаштың көмегімен сызылған сызықты қатаң математикалық мағынада сызық деп санай алмаймыз, шамалы өлшемде ені бар болса да, көбінесе бұл есепке алынбайды. Фронтальдық композиция үлгілері – мата, кілем, сырмақ, ғимарат фасадтары, көрнекілік стендтер, т.б.

Көлемдік композиция беті тұйықталған, барлық жағынан қабылданатын пішінде орындалады. Көлемдік композицияның мазмұндылығы мен оны қабылдаудың анықтығы зат элементтерінің, пішін құраушы бөліктері түрінің және көзбен көру нүктесінің өзара қатынасына байланысты болады. Көлемдік композицияның мазмұндылығы, сондай-ақ, көкжиек биіктігіне де байланысты. Төмен көкжиекке қатысты алынған көлемді пішін оны монументалды етіп көрсетеді. Ал көрермен затқа таяған сайын оның шектерінің анықтығы біртіндеп азаяды. Көлемдік композицияда кейде барлық үш өлшем бірдей қатынаста болады, мысалы, ғимараттың биіктігі, ені және ұзындығының тең болып келуі. Ежелгі уақытта

пайда болып, күні бүгінге дейін дизайн саласында қолданылып келе жатқан көлемдік үйлесімнің классикалық бейнесі ретінде Мысыр пирамидаларын атай аламыз. Көне заманнан сақталған сансыз шіркеулер, амфитеатрлар, қайта жаңғыру кезеңіндегі виллалардың барлығы – көлемдік үйлесімде орындалған құрылыстар.

Тереңдік-орталық композиция да үш өлшемді, бірақ оның көлемдік композициядан айырмашылығы – үш өлшемнің ішінде тереңдігі басқаларынан басым болып келеді. Мысалы, қала құрылысында құс қанаты жетер биіктіктен көрінетін көрініс.

Тереңдік-орталық композиция материалды элементтерден, көлемдерден, жазықтықтар мен ортадан, сондай-ақ олардың арасындағы интервалдардан құралады. Композицияны жүйелеп, жобалар қатарына бөлу арқасында тереңдік әсері ұлғаяды. Тереңдік-орталық композиция көшелер, алаңдар мен шағын аудандар жобасын жасауда қолданылады. Тереңдік-орталық композиция түрлері бейнені айқындау және үйлестіру кезінде ерекше тәсілдерді талап етеді. Тереңдік-орталық композицияның әр түрінің өзіндік ерекшелігі болғанымен, барлығына ортақ тәсілдер бар. Оған ең алдымен бөлшектеу жатады, ол жазықтықтың, көлемнің бірнеше бөлікке бөлінуі арқылы көрінеді. Бөлшектеу толық және толық емес деп бөлінеді: рельеф және контррельеф (рельефке қарама-қарсы ойық болып келеді); тік не көлденең, көлбеу, сыртқы және ішкі.

*№6 тәжірибелік тапсырма. Кубтың бойында
қалыптасқан композиция*

Жұмыстың мақсаты: геометриялық дененің (куб, пирамида, т.б.) көлемдік өлшемдері негізінде жинақты түрде қалыптасқан көлемдік композицияны орындау.

Құралдар: қағаз, картон, желім, кескіш, сызғыш.

Жұмысты орындау тәртібі:

– тәсілдермен танысу;

– ритмдік қатарды қолданып эскизді орындау;

- динамиканы, симметрияны және т.б. анықтау;
- пішу қиығын белгілеу;
- жазықтықтардың қырларын тілу және майыстыру жұмыстарын орындау;
- ішкі бөлшектерін жапсыру;
- сыртқы бөлшектерін жапсыру;
- көлемдік композицияны құру.

№7 тәжірибелік тапсырма.

Балаларға арналған алаң

Жұмыстың мақсаты: тереңдік-орталық композицияны орындау, ритм, пропорция және басқа композициялық тәсілдерді берілген тақырыпта көрсету.

Құралдар: картон, ПВА желімі, қағаз, қарындаш, сызғыш.


Жұмысты орындау тәртібі:

- оқу әдебиетімен, үлгілермен танысу;
- композициялық тәсілдерді қолдана отырып эскизді орындау;
- жалпы тереңдік-орталық композицияны пысықтау;
- композицияны жетілдіру;
- бөлшектерін макетте орындау;
- бөлшектерді жалпы композицияда жапсыру.

2.2.2. Контраст және нюанс

Бейнені айқындайтын басқа мысалдар ретінде жазықтықтың және көлемнің қарама-қайшылығы, салмағы және ауа аймағы, фактура және түстің қарама-қайшылықтарын келтіруге болады.

Олардың алғашқысы көзге көрінетін әр түрлі геометриялық сипаттамалардың қарама-қайшылығына негізделген, бұл салыстырмалы жазықтықтар немесе көлемді бейнелердің бойында табылады. Ойық – жазықтық, төбешік – жазықтық, кетік – тегіс, төрт бұрышты – дөңгелек, т.б. белгілеріне қарай айқын контраст байқалады. Айқындау көрінісі салыстыру тәсіліне негіз-



делген: денелері қарама-қайшы болып келетін жазықтықтар немесе көлемді заттар геометриялық сипаттамаларына байланысты қабылдау әсерін күшейтеді.

Заттың беткі пішінің контраст жайлы да тура осылай айтуға болады: тегіс жылтыр жазықтықтың тегістігі түйіршіктенген бұдырлы жазықтықтың қасында күшейе түседі.

Түс, интонация, сурет, музыкада контраст айқындалған қарама-қайшылықты білдірсе, нюанс болмашы ғана, реңктік айырмашылықты білдіреді. Осыған қарамастан, контраст та, нюанс та құралымның жекелеген бөлшектерін ерекшелеу арқылы бұйымның пішінін, сипаттамасын айрықшалап, біртектілік болмауын қамтамасыз етеді.

Техникада нюанс – түрлі материалдар, фактура, түстің түрлі нұсқаларын пайдалана білу. Әсіресе, тұрмыстық бағыттағы бұйымдарды жобалауда нюанстың атқаратын ролі ерекше. Мәселен, қарапайым қолсағатты алайық. Сыртқы пішіні жағынан ұқсас маркалардың өздері бір-бірінен ерекшеленеді. Бұл ерекшелік ұсақ нюанстардан көрінеді.

№8 тәжірибелік тапсырма. «Контраст» және «Нюанс»

Жұмыстың мақсаты:

«Контраст» және «нюансты» көрсету үшін түрлі-түсті бояуды немесе рельефті қолданып, тәжірибелік жұмысты орындау. Осы екі түсініктің бейнеде, бояуда көрінуін, олардың композицияның басқа тәсілдерімен байланысын ұғу.

Құралдар: қағаз, желім, картон, гуашь, акварель.

Жұмысты орындау тәртібі:

- түсініктермен танысу;
- контрастінің қарама-қайшылық түрін таңдау;
- жалпы үйлесімді пысықтау;
- бөлшектерін пысықтау;
- жұмысты орындау.

2.2.3. Бейненің оптикалық өзгеруі

Заттың үйлесіміне әсер ететін көптеген жағдайлардың ішінде физиологиялық оптиканың, басқаша айтқанда, сызықтар мен көлемді заттарды көзбен көріп қабылдаудың орны ерекше. Адамның көру қабілеті оптикалық жасандылыққа алдануы мүмкін. Бұл ерекшелік заттардың әсемдік құндылығын бағалау кезінде ескерілуі қажет. Біздің айтып отырғанымыз – ұзындықтың елесті түрде (иллюзия) бағалануы, сонымен қатар, бұрыштың қисаюуы, т.б. Оптикалық елес немесе иллюзия дегеніміз – кейде заттардың көлемін, бейнесін жалған қабылдау, бұл жағдай адам баласының оптикалық көру аппаратының мінсіз емес екендігін көрсетеді.

Суретшілер мен дизайнерлер бейнені оптикалық өзгертудің біртұтас жүйесін құрды. Заттың дұрыс геометриялық бейнесіне кішірігім өзгерістерді кіргізу оның көркемдік әсемдігін, композициялық тұтастығын, сұлулығын арттырады. Оптикалық өзгерулер оптикалық геометриялық иллюзиялардың жағымсыз әсерлерін жояды, мысалы, ракурстан қараған кездегі пропорциялық дәлсіздік. Осыған орай, көрерменнен алыс қашықтықта орналасқан заттың көзге көріну ерекшеліктері ескеріледі, сонымен қатар, ауа ортасының әсері, жарық беру жағдайы да негізге алынады. Адамның көзі заттың биіктігіне және тереңдігіне қарағанда, оның енін дәлірек анықтай алады. Сондықтан тік жағдайдағы зат тура сондай ұзындықтағы, бірақ көлденең орналасқан заттан ұзын болып көрінеді.

2.3. КОЛОРИСТИКА ЖӘНЕ ТҮСТАНУ

2.3.1. Негізгі ұғымдар

Адамды қоршаған орта алуан түрлі бояуға толы. Түсті қабылдаудың психофизиологиялық механизмі өте

күрделі. Өндірістегі түстер жөніндегі француз маманы Ж. Веньо (1893-1959) түс арқылы адамның абыржуын, ашулануын, т.б. да сезімдерді туғызуға, жайлылық немесе жайсыздық әсерін туындатуға болады деген.

Тұстану мәселелері физика, физиология, жарық техникасы, психология, эстетика, мәдениеттану, т.б. да ғылым салаларымен тығыз байланысты. Бізді қоршаған ортадағы барлық элементтердің өзіне тән жасанды немесе табиғи түсі бар (мысалы, қызыл ағаштың түсі, пілдің сүйегінің түсі, алтынның, мыстың, т.б.). Жасанды түс заттың бетін бояу немесе жұқа түсті пленкамен қаптау арқылы жасалады. Дүниедегі түсті бояулардың барлығы спектрдің негізгі жеті түсін бір-бірімен араластыру және ұйқастыру арқылы табылады. Спектрдің шеткі екі түсінің (қызыл және күлгін) араласуы қызыл күрең (пурпур) түсті береді, сонымен сегіз түстен тұратын түрлі-түсті шеңбер пайда болады. Спектрдің барлық түсі хроматикалық деп аталады, алхроматикалық (қара, ақ, сұр) түстер спектрде жоқ.

Әр түрлі хроматикалық түстер

Хроматикалық түстер – спектрде көрінетін түстер (қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін) мен олардың түрлі реңктері. Хроматикалық түс үш физикалық ұғым арқылы анықталады: түстік рең, қанықтық (насыщенность) және ашықтық (яркость).

Түстік рең толқынның салыстырмалы ұзындығымен сипатталады. Мәселен, күлгін түс толқынының басым ұзындығы – 390-450 нанометр, көк – 450-480, көгілдір – 480-510, жасыл – 510-550, сары – 550-585, қызғылт сары – 585-620, қызыл – 620-800.

Қанықтық ретінде берілген түстің ақ түспен араласу деңгейін айтады. Ақ түспен неғұрлым көбірек араласқан сайын, түс қанықтығы соғұрлым аз болады. Мәселен, көк түстің қанықтық мөлшері 20% деп алсақ, демек, бұл түс 20% көк және 80% ақ түстен құралған.

Түстік рең мен қанықтық түстің сапалық мінездемесін құрайды. Түстің үшінші мінездемелік ерекшелігі

ретінде оның ашықтығы анықталады. Түстің сандық мінездемесін беретін ашықтық – заттың боялған бетіне түсетін жарық ағынының шағылысу деңгейі. Түстік рең мен қанықтыққа қоса, боялған жазықтық шағылысу коэффициентінің деңгейімен де сипатталуы тиіс.

Спектрдегі қызыл, жасыл, күлгін түстер – негізгі, ал ақ түсті жасайтын түстер бір-бірін толықтырушы түстер деп аталады.

Көздің торына спектрдің барлық сәулелері өткен кезде, сонымен қатар, спектрдің кез келген екі жиынтығын араластырған кезде ақ түс сезіледі. Ақ түс жазықтықтың бетіне түскен барлық түстердің жиынтық шағылысуы болып табылады.

Мұндай нәтижеге бояулардың субтрактивті араласуымен (боялмалы жазықтықтың түсі) немесе түрлі-түсті әйнектерді, пленкаларды қабаттастыру арқылы жетуге болмайды. Мысалы, көк және сары түсті араластырсақ, жасыл түс пайда болады, ал көк және сары сәулелердің қосылымы ақ түсті көрсетеді.

Шеңбердің түстерін екі топқа бөлуге болады. Оның сол жағында орналасқан бояулар суық түсті деп аталады, өйткені олар суық суды немесе мұзды елестетеді. Спектрдің оң жағында орналасқан бояуларды жылы түсті деп атайды. Оларды күннің түсімен, отпен, шоқпен салыстыруға болады. Спектрдің ортаңғы бөлігінде орналасқан түстер көзге жағымды көрінеді, өйткені олар табиғатта көп кездеседі. Оның ішінде көгілдір аспан, теңіз, жасыл және жасылды-сарылы өсімдіктерді атауға болады.

Кейбір бояу түстері суық та, жылы да болуы мүмкін. Мысалы, жасыл түске азғана мөлшерде сары бояуды қосса, ол жылы реңді көрінеді, ал көк бояумен араластырса, суықтықты сездіреді. Сонымен қатар, екі жаққа да ортақ (нейтрал) түстер бар: қоңыр, сұр, ақ және қара.

Түс композицияның ең маңызды тәсілі болып табылады. Ол заттың пластикасын және технологиялық анықтығын күшейте көрсетеді. «Алдыңғы қатардағы» (ашық, жылы) және «артқы қатардағы» түстердің

көмегімен бөлменің немесе заттың көлемін көзбен өлшеуге болады. Егер көлемі бірдей екі заттың біреуін суық түспен, екіншісін жылы түспен бояса, біріншісі алыста тұрған сияқты, яғни көлемі кішірек болып көрінеді. Көгілдір қабырға алыстайды, қара қабырға жақындайды, ал сары қабырға тіпті көзге көрінбейді.

Түстердің «ауыр», «жеңіл» болып қабылдануы – заттың тектоникалық қалыптасуының көрсеткіші. Жеңілдік сезімін затты ашық түстерге бояу арқылы (сұр, көгілдір, көгілдір-жасыл, көгілдір-қызғылт көк және суық түстерді қолдана отырып көрсетуге болады. Қою және «жылы» түстер, керісінше, заттың мықтылығын, ауырлығын көзге басым етіп байқатады.

Түстердің үйлесімдік қатарларының көбі екі негізгі түрге бөлінеді: контрастілі және нюансты.

Түстің контрастілі өзгеруі қоршаған түстер ортасына байланысты және хроматикалық және ашықтау болуы мүмкін. Хроматикалық контраст – жақын орналасқан түстердің әсерінен реңнің өзгеруі. Кез келген бояу өзінің толықтырушы түсінің қасында қоюырақ көрінеді және, керісінше, кез келген бояу тура сондай түсті, бірақ қоюырақ бояудың қасында сұйықтау болып көрінеді.

Контрастілі түстердің үйлесімі екіге бөлінеді: қос (бір-бірін толықтырушы) және үш түрдің үйлесімі. Қос үйлесімде түсті спектр шеңберіндегі кез келген қарама-қарсы орналасқан түс үйлеседі: қызыл, көгілдір, қызыл және жасыл, т.б. Үш (триада) түстің үйлесімі екі өтпелі реңнен тұрады, ал үшіншісі солардың орташа мағынасына қосымша түс болып табылады. Бұл – сары, қызыл-көк, жасыл, сарғыш.



Нюансты қатарлар бір реңді, бірақ қоюлығы әр түрлі түстерден; реңі әр түрлі түстерден, бірақ түсті шеңбердегі қатар орналасқан (мысалы, қызыл, сарғыш, көк және көкшіл-жасыл) түстерден тұрады. Көбінесе, бір-бірінше реңі жақын үш түс нюансты қатарды құрайды. Оның біреуі алғашқы екеуінің қосындысынан пайда болады. Нюансты қатарлар ахроматикалық түстердің немесе хро-



...ду сагыш жана кыялдын дин турмушү түстү
...мүчөсү жана ошол алымдын эмоциялык реакция



...мүчөсү жана ошол алымдын эмоциялык реакция



матикалық және ахроматикалық түстердің үйлесімінен тұрады.

Бейнеге, оның көлеміне және сыртқы пішініне байланысты түстің эмоциялық қабылдануы өзгереді.

Адамды қоршаған зат пен ортаның колориттік жағынан үйлесімді болуы бірқатар мәселелерді шешу барысында пайда болады. Түсті үйлесім жеке-дара түрде қаралған функционалдық, эргономикалық немесе колориметриялық қасиеттерінің нәтижесі бола алмайды.

Түстану – физика, физиология, психология, эстетика мәліметтерінің жинағын ескеретін, түстің қабылдануы, өлшемі, әсер етуі, т.б. сұрақтарды қарастыратын білім саласы.

Түсті қабылдау – түстің психологиялық және мәдениеттік сезімінің бағасы. Бір жағынан, ол түстің дәрежесіне, бағытына, ашықтығына, қабылдау уақытына (таңертеңгі, күндізгі, кешкі уақыт) т.б. жағдайларға тәуелді; екінші жағынан, мәдени дәстүрдегі түсті құрметтеу және одан алынған эмоциялық реакция («мерекелік түс», «азалы»).

Түстің әсері дегеніміз – түсті сезінуде пайда болатын ерекше реакция: психологиялық (эмоция, ұқсату елесі, мәдени символика), психофизиологиялық (көңіл-күйдің өзгеруі, көңілдің бөлінуі, бір арнаға бағытталуы, көру жағдайының жақсаруы және нашарлауы), физиологиялық (физиологиялық қызметтердің өзгеруі – демалу, тамыр соғысы, жүйкенің және бұлшық еттің қызметіндегі өзгерістер). Бұл заңдылықтарды білу дизайнер үшін, әсіресе, қоршаған ортаның жобасын орындаған кезде өте маңызды.

Колориметрия (түстік өлшеулер) – түстердің математикалық жазылуы және оларды өлшеу тәсілдерінің жинағы. Өлшеу нәтижесінде түс координаты және түстік координаты табылады.

Түстің координаты – қандай да бір түстің үш координат осі бойынша анықталатын өлшемдерінің қосындысына тең нәтиже.

Түстік координат – (түстің қатысты координаты) бұй берілген түсті құраушы үш негізгі түстің координаттары арқылы анықталады.

Түсті жүйелеу – түстің белгіленуіне және орналасуына қойылған белгілі талаптар (сонымен қатар, заттың түстерінің үлгілер жинағы).

Түстік жүйе (түстік тәртіп жүйесі) – ол табиғи түстердің орналасу және белгілену талаптарына негізделген (немесе олардың бірнешеуіне) және түстердің шектелген санын таңдау, әсіресе жүйедегі түстер қатынасының көрсеткіші. Түстік жүйелер түстерді араластыру, бояулар жүйесі және түсті қабылдау жүйесі деп үшке бөлінеді. Түстік жүйе әр түрлі бейнеде көрінеді – сандық, графикалық немесе үлгі жинағы ретінде.

Барлық түстер – ахроматикалық (ақ, сұр, қара) және хроматикалық (спектр түстері және олардың реңдері).

Түсі бойынша бояулар былай бөлінеді:

Қарапайым – негізгі (қызыл, көк, сары), осы үш түсті қосу арқылы басқа түстерді құрауға болады;

Спектрлік – көзге көрінетін спектрге жататын (оларды қарапайым бояулардан құрауға болады);

Күрделі – спектрлік және қарапайым түстерден құралған, қара бояу және белила қосылған;

Жұмыста көкжиектік композицияға жету үшін олардың белгілі бір комбинацияларын қолдану керек.

Түстік шеңбер негізінде төрт түрлі үйлесім табылады:

Түстердің *монохромдық үйлесімі* бір ғана түстің түрлі реңдері, реңктері, ашық не қою түрлері пайдаланылу арқылы жасалады;

нюансты үйлесім түсті шеңберде жақын орналасқан бір-біріне қосылғанда, екі түске де реңдік ұқсастығы бар үшінші түсті алуға болатын түстер арқылы жасалады (негізгі хроматикалық түстер схемасы);

үш түсті үйлесім – үш негізгі түстің үйлесімі;

ахроматикалық үйлесім – ақ, сұр, қара түстердің үйлесімі.

Жұмыстың мақсаты: Негізгі түстік жүйелер құру жаттығуын орындау (негізгі үш түсте құралған түсті шеңбер, түсті үшбұрыш).

Құралдар: қағаз (А2 форматты), гуашь, акварель, қыл-қалам.



Жұмыстың орындалу тәртібі:

- түс теориясымен танысу;
- түстердің шеңбер бойында спектрлік тәртіпте орналасуы (қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін);
- түстік шеңберді орындау;
- негізгі түстердің үшбұрыштың жоғарғы жағында орналасуы (көк, қызыл, сары);
- қосымша түстердің негізгі түстердің арасында орналасуы (күлгін-көк және қызыл түстің ортасында, сарғыш-қызыл және сары);
- түстік үшбұрышты орындау.

2.3.2. Колориттің қазақ қолөнеріндегі орны

Түсті бояу қазақтардың өмірінде әрқашан ерекше орын алған. Тіпті географиялық атауларда «түс өте көп»: Ақтау, Көкшетау, Қаратау, Ақмола, Сарыарқа, Көктөбе, Қызылту, Сарыөзек, т.б.

Түс – өте күрделі түсінік. Әр түстің өзіндік ерекшеліктері, өзіндік мінезі, мән-мағынасы болады. Қазақстан табиғатының өзі түрлі-түсті бояуларға бай. Жасыл бақтар, сары және қоңыр түстерге бай кең-байтақ дала, көк өзен, қызыл күнбатыс, көкше таулар – осының барлығы халық өнерінің терең қайнар көз, бастауы. Табиғаттың, ауа райының түрлі құбылыстарының «қоңыр салқын», «қара суық», «ақ түтек боран», «қызыл шұнақ аяз», «ақ жауын» сияқты атаулары бар. Түсті бояулар үйлесімдерінің аттары болған: «ақсұр» – көгілдір және сары түстердің қосылымы, «әсіре қызыл» – контраст түс,



«ШЫМ» – неше түрлі реңдердің қолданылуымен орындалған көп бояулы өрнек. Қазақ халқының ұғымында қайсыбір түстердің символдық мәні бар: көк түс – аспан-ның; қызыл түс – оттың, күн көзінің; ақ түс – ақиқат-тың, қуаныштың, бақыттың; сары түс – ақыл-парасат-тың; қара түс – жердің; жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы.

Түсті бояу көптеген ғасырлар бойы Орта Азия аймағында өмір сүрген халықтар мәдениетінің маңызды бөлігі болып келеді. Андронов дәуірінің қолөнерінде жануарлар стилінің дамуына байланысты, қызыл түске және алтын түсіне көп көңіл бөлінгендігін Есік қорғанынан табылған Алтын адамның киімі айқын көрсетеді. Сақ дәуірінде жататын Жетісу ыдыстарында ашық-қоңыр және сұр-қоңыр түстер басым болған. Уақыт өткен сайын жануарлар стилі өрнек өнерінде де қолданыла бастап, әсемдік қолөнерінде полихромияның алғашқы бастамасы болған: қызыл, қара, жасыл, қоңыр, сары түстер алтынның түсімен үйлесім тапты, көгілдір, жасыл, қоңыр, ашық сары, қызыл сары түстер көптеген ғасырлар жалғасын тауып, қазіргі замандағы қазақтың әсемдік қолөнерінде қолданысқа ие болды.

Түс таңдау. Қазақстанның әр түрлі аудандарының табиғи ауа райына байланысты олардың киімдерінде, тұрмыстық заттарда белгілі бір түстерге ерекше басымдылық берілген. Мәселен, оңтүстікте қызыл түс басым болған, ол ыстық күнді білдіреді. Орман-көлдер, таулы аймақтар – Шығыс Қазақстан табиғатының көрінісі, ол осы аймақта жасалатын түскиіздерде көк және жасыл реңдердің қолданылуын түсіндіреді. Орталық аудандағы табиғаттың әр алуандығын кілемдердегі үйлесім тапқан үш-бес түрлі түстер көрсетеді.

Сонымен, ұлттық әсемдік қолөнерінің қалыптасуына табиғаттың, түрлі құбылыстардың, аңыздық және діни көзқарастардың әсері зор болған.

2.3.3. Түстің ақпараттық қасиеті

Бұл тарауда түстің жарықтануы және тұрақты түстік құбылыстарды қабылдауға негізделген заңдылықтар қарастырылады.

Кейбір көрнекті заңдылықтар:

– түс бірнеше жазықтықта көрінеді: пленка, көлем, беткі пішін және т.б.;

– түстің назар аудартқыш қасиетіне байланысты, оның айырылуын жеңіл түсіндіруге болады;

– заттың текстурасын, бөлшектерін, домалақтығын, құрылысын сезінуге көмектеседі, түс реңіне байланысты жақын арада орналасқан заттар жалпағырақ болып, алыстағылар бұлдырап көрінеді;

– ашықтық әсерлері және түсетін көлеңкелер бейненің пластикасын көрсетуге мүмкіндік береді;

– толық бейнеленген, ортада тұрған бейненің перспективалық көрінісіне бағыттады;

– ал қағаз шетінде, бір жартысы ғана бейнеленген, екінші жартысы тасада тұрған, көлемі үлкендеу басқа бейне одан бері орналасқан, жақынырақ болып қабылданады.

– таныс бейнелердің нақты көлемдерін білу арқылы кеңістіктегі позициясын тиімді орнатуға болады.

Механикалық қозғалыстарға және тереңдікті қабылдай білу мүмкіндігіне негізделе отыра, адам бейнелер арасындағы арақашықтықты анықтай алады.

Көздің бұлшық еттері аккомодация әсерінің көмегімен заттың алыста немесе жақында орналасуы жайлы ақпаратты адам миына жеткізеді. Жарықты, қараңғыны, әр түрлі түстерді, ортаны көз арқылы қабылдау, қысқаша айтқанда, көру және қабылдау құбылысының ең қызық, ең керемет түрі – түсті кеңістік болып табылады. Дэвид Кау былай деген: жарық түсіп отырған жазықтықтың не заттың түсін бізге көрсететін тәсіл жарық күшіне немесе толқындар ұзындығына ғана тәуелді емес, өзін айқындайтын жарықтану күші заттың сипаттамасына да тікелей тәуелді.

Түсті әсем-жабдықтау тәсілімен жасалған қоршаған ортаның сипаттамасы оны көзбен қабылдағанға тиімді және көлемдік өзгертуге болады. Жарық беру қызметі бұл жағдайда екі басты жағдайға негізделеді:

а) ғимараттың және қоршаған ортаның жарықтану айырмашылығы;

б) жарықтық конус аймағындағы реңдердің орындалуының ауысуы.

Реңдердің полихромиялық жарығының әсерінен болған қозғалыс қандай да бір түстік сипаттама жағына біркелкі өтеді. Түстік реңдер оптикалық құрылған кеңістік аймағында бір-біріне жақындай түседі немесе түстік спектрдің белгілі нүктесіне ығысады. Бұдан мынадай тұжырым шығаруға болады: көлемдік елес тек қара-ашық контрастінің көмегімен ғана емес, сонымен қатар, үлкен ауқымдағы бірыңғай ортаны құрудың көмегімен де пайда болады.

Қазіргі кездегі Франция сәулетінде түстің ақпараттық қасиеті кеңінен қолданылады. Мәселен, «Этуаль», «Обер» метро станцияларында ұзын дәліздерді түстің, жарықтың көмегімен «қысқартады», тар қабырғаларды «кеңейтеді», бұрылыстарды анық көрсетеді, бұл жолаушылардың ортада тез бейімделуіне көмектеседі.

Биіктігі төмен станциялардың төбелері қара түске боялса да, төмен бағытталған күшті жарықтың әсерінен төбенің шекарасы онша байқалмайды.

Жаңа заман критерийлері ахроматикалық түстер қолданылатын сәулетпен қатар, ашық бояуларды да қолдануды талап етеді. Мәселен, сауда және мәдени орталықтар, балабақшалар, бастауыш және орта оқу орындары соңғы жылдары бұрынғыдай ақ не сұр түске ғана емес, алуан түрлі бояулармен бояла бастаған. Бұл жағдайда түс бөлек қызметтік топтарды ерекше көрсететін маңызды ақпарат күші болып табылады. Гренобльдің «Арлекин» атты жаңа ауданында каркасты-панельді блоктардан салынған, қаланың жалпы кескіндемелік көрінісін құрайтын (қызыл және көк түстер басым) үйлердің бояулары олардың көлемдік-кеңістік және конструктивтік құры-

лысын көрсетеді. Панельдің түсі суперграфикамен толықтырылады, үйлердің нөмірі жазылған, көлік аялдасуына және жаяу адамдарға арналған галереяларға бағыттауыштар орнатылған. Көру арқылы қабылданатын суперграфика түріндегі ақпарат бұл жағдайда екі қызметті атқарады: күрделі өтпелі блоктарға және галереяға бағыттау, сонымен бірге, әсемдік, шрифтік, пластикалық қасиеттерді айқындау. «Арлекин» кварталы қалалық суперграфика кешенімен жақсы үйлесім тауып (оның суреті, түсі және орындалуы), жақыннан және алыстан қабылдау нүктелерінен көрінеді.

Түсті ортаның қалыптасуының маңызды міндеті – түстің ақпараттық қасиетіне негізделе отырып, көзге көрінетін жабдықтар жиынтығын құру болып табылады. Түсті үйлесімді ұйымдастыру ең алдымен тұрақты түс жүйесінің қалыптасуына байланысты. Дұрыс таңдалған түстік шешім қалалық орта кешенінің құрылу маңыздылығына ықпал етіп, адамдардың сәулет ғимараттарының ішінде, айналасында жүру бағытын анық тап, ғимараттардың қызметтерін де тез танымал етеді. Түстердің бұл қызметі әр түрлі орталық дәрежелерде нақты ақпараттық жүйенің ұйымдасуына көмектеседі алады. Ғимараттың жалпы түстік шешімінің деңгейінде кішігірім бейнелердің, заттардың түстік белгіленуі кодына негізделе отырып, қалалық ортаның қызметін қарай реңін айыруға болады.

№10 тәжірибелік тапсырма. Түстік елестер

Жұмыстың мақсаты: Берілген тақырып бойынша композицияны орындау, көлемді және көп қатпарлы құрылыстық сипатының бояу және графикалық тәсілдердің көмегімен бұзылуы.

Құралдар: қағаз (A2 форматты), картон, пенопласт, гуашь, акварель.

Жұмысты орындау тәртібі:

– жазықтық бетінде көлемді немесе қатпарлы құрылыстың қолданылуымен композиция эскизін орындау;

- екі бірдей, көлемді және қатпарлы бейнелерді құрау;
- берілген заттың бейнесін түстің көмегімен күшейтіп көрсету;
- берілген заттың бейнесін түстің көмегімен бұзу.

2.3.4. Бояу түсінің эмоционалды-психологиялық қасиеті

Тұстану білімі физика, физиология, психология, эстетика, т.б. сияқты әр түрлі ғылым салаларымен тығыз байланысты. Осы аталған ғылымдардың зерттеулері мен мәліметтері дизайнерлер үшін өте маңызды, өйткені өздерінің шығармашылық қызметтерінде жайлы түсті ортаны құруда олар түстің физикалық және оптикалық қасиеттерімен жиі кездеседі. Сол үшін де көптеген ғалымдар осы саланы тынбай зерттеуде.

Мысалы, Люшердің психодиагностикалық тестілері қатарынан көптеген жылдар бойы қолданылып келеді, ол әр түрлі жастағы ондаған мың адамдардың, ұлттардың түске деген жалпы реакциясы және қорытындысының заңдылықтарына негізделген.

Бірақ әр адамның жеке басының неше түрлі қасиеттеріне байланысты, әркімнің өзіне ғана тән түстер қатары бар, ол ең алдымен ұнату талаптарына құрылған, жүргізілген зерттеулер бойынша мұндай қатарлардың саны өте аз – оннан кем болып шықты.

Жалпылау векторын ескере отырып, мамандар мынадай қорытындыға келді: түстердің кейбір түрлерін адамдардың көпшілігінің ұнату деңгейі бірдей болғандығы соншалықты, тіпті жекелеген адам топтары үшін бір бүтін түсті қатар құрылуы мүмкін. Оның тізімі мынадай болып келеді: ең сүйікті түстен бастағанда – көк, қызыл, ақ, жасыл, сарғыш, сары.

Мұның бәрі сәулеттік колористикада шынымен де үйреншікті ахроматикалық талаптардан (әр елдердегі сәулет саласында алдыңғы қатарға қойылатын) басқа заңдылықтардың да бар екендігін көрсетеді. Бұл заңды-

лықтарды тиімді қолдануға болады, ол арқылы тұрмыстық орта өзіне қажетті заттарымен қоса құрылады.

Соңғы онжылдықта бүкіл дүние жүзінде әр түрлі сауда фирмаларының сұранысы бойынша жүргізілген зерттеулердің қорытындысы былай болды: ең көп сатылатын заттар – көк түсті қаптамаға оралған нәрселер, ал қызыл түсті қаптамаға оралған заттарға сұраныс одан кішкене азырақ.

1980-90 жж. Еуропа елдерінде әр түрлі түске боялған ғимараттарды жай адамдардың және сәулетшілердің қабылдауын байқау мақсатында зерттеу өткізілген. Сөйтіп, көп түсті бояуларға боялған ғимараттар мен үйлер сәулетшілерге қарағанда, қарапайым адамдарға көбірек ұнайтын болып шықты. Сондықтан болар, сәулетшілер қазіргі кезге дейін Парфенон жайлы бір түсті, ғажайып пропорциялы тамаша ескерткіш деп айтады, ал оның біздің ғасырға дейінгі 447 жылы ашылу кезінде алтын түсті бояумен боялғаны жайлы сөз қозғалмайды.

Британиялық сәулетші және зерттеуші Томас Портер соңғы 40 жыл ішінде қоғамдағы «түстік моданың» дамуын зерттеуі нәтижесінде, оның он жыл сайын өзгеріп тұратындығын айтты.

Батыс қоғамында 60-жылдар ақ, қара және «металл» түстердің көбеюімен басталды, ал 60-жылдардың соңында қоғам органикалық бояуларға мойын бұрды, бұл кезде арзан көпшілік саяхаттарына жол ашылды. Басқа елдермен және олардың мәдениетімен танысу өзге көркемдік талғамның, қабылдаудың және шығыс дінінің, философиясының ұлғаюына әкеліп соқты.

70-жылдары батыс елдерінде «ғылыми қиялға» қайта оралу басталды, ол «хай-тек» стилінде көрінді. «Хай-текке» беттеу «суперграфика» модасы арқылы өтті. Ғимараттардың жалпақ көлемді жазықтықтары, әсіресе, өндірістік және қоғамдық қызметті атқарушы суретшілерге тән болды. Бұл аймақтағы байқаулар өздерінің алдына заттарды «бұзу», «жасыру» немесе бейнені анықтау деген мақсаттарды қойды.

Сексенінші жылдардың басында «белсенді кезең» туындады. Спектр түстерін нейтрал түстермен араластыра отырып, «жоғарғы танымалдылықты» көрсету мақсат етіп қойылды. Әр түрлі түстердің үйлесу топтары өмірге деген қандай да бір көзқарастың белгісі болып, қоғамдық деңгейді іздеу, заттық ортаның колористикасын ұлттық немесе интернационалдық түрде орындау, сұр, нашар реңді, түссіз модернизмнің орнына пост-модернизмнің пайда болуына себепші болды.

Ортаның көркеюіндегі маңызды қызметті «жасыл» қозғалыс және соған жақын шынайы, табиғи түстер атқарды. «Экологиялық сана-сезімді» меңгеру жылдары сәнді түстерге өзгерістер әкелді. Кең тараған ақ түс енді бәсең, жер түстес гаммаға орын берді. Ол ағартқыш құрал ретінде хлорды қолданудың қоршаған ортаға тигізетін зиянын білдірген.

Тоқсаныншы жылдары қоғам жаңа жолдарды іздеу қажеттігін түсінді, ол «тұрақты даму» терминімен аталып, бояулардың адамға және қоршаған ортаға зияны тимейтін, көбіне суда еритін жаңа түрлері пайда болды. Ал химиялық бояулардың дамуы өзімен бірге «қауіпті» колерлердің жасалуына алып келді.

Түс таңдау бұдан былай қалай дамитындығы әлі белгісіз. Томас Портердің ойынша, болашақта бәсең қара, сұр, сұр-көгілдір және сұр мен қызыл, көгілдір түстердің үйлесіміне деген қызығушылық қайта жаңғырады.

Түс саласының белгілі зерттеушісі Брюкке түстік үйлесімдердің төрт түрлі классификациясын береді:

1. Изохромия – бір түстік рең мен реңкте орындалған композиция;
2. Хомеохромия – аз интервалдармен шектелген түстік композиция;
3. Мерохромия – барлық түстер негізгі бір түске бағынатын композиция;
4. Пойкилохромия – түстік жиынтықтың бөлшектеуін, шағын кеңістіктегі түс түрлерінің тым көптігімен жасалатын композиция.

№11 тәжірибелік тапсырма. Түрлі-түсті үйлесім

Жұмыстың мақсаты: Жыл мезгілімен, түрлі эмоциялармен, сезімдермен байланыстырылатын ассоциациялық үйлесімді орындау («суық», «жел», «көктем», «жаз», «бақыт», «қиял»).

Құралдар: қағаз (А2 форматты), гуашь, акварель, майлы бояу.

Жұмысты орындау тәртібі:

- қылқалам шеберлерінің осы тақырыпқа орындаған шығармаларымен танысу;
- колористикалық пысықтау;
- түсті үйлесімнің тақырыбын таңдау;
- тақырыпты түсті дақтардың көмегімен ашу;
- жұмысты орындау.

3-ТАРАУ. ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙН

3.1. ФИРМАЛЫҚ СТИЛЬ

3.1.1. Графикалық дизайнның дамуы

Өткен ғасырдың 30-жылдары графикалық дизайнның жарқын даму кезі болып есептеледі. Еуропалық суретшілер ғылым және техниканың дамуына, қоғамдағы радикалды өзгерістерге тез бейімделіп, үн қосты. Өнердегі модерн неше түрлі бейнелерде көрінді: Франциядағы сюрреализм және кубизм, Швейцариядағы да-



даизм, Италиядағы футуризм, Ресейдегі конструктивизм және суперматизм. Германиядағы Баухауз мектебі шығармашылық зертханаға айналды, идея және көп түрлі стильдердегі көркемдік тәсілдер бір-бірімен ұйқаса, бір-бірінен өте отырып, дизайнның жаңа бағытын бастап берді.

Графикалық дизайн – көркем жобалау қызметі, негізгі тәсілі – сурет. Оның мақсаты – полиграфия, кино, теледидар көмегімен көзбен көру арқылы қабылданатын ақпаратты және жасанды заттар мен заттық ортаның графикалық элементтерін құру. Графикалық дизайнның түрлері: кітап және плакат, өндірістік графика (заттардың тауарлық белгілері және фирмалық таңбалар, қаптама, т.б.), көзбен шолу коммуникациясы, теледидар графикасы, суперграфика (үлкен қала жабдықтарының графикасы). Графикалық дизайнның маңызды қасиеті – ойдың мағынасын көзге көрсету, оның әртүрлі тәсілдері болуы мүмкін. Заттардың нақты бейнесін көрсетумен қатар, сөзді таңбамен береді, бұл жағдайда тек сөздің мағынасы ғана емес, оның бейне көрінісі де анықталады. Графикалық дизайнда суреттен басқа фотографика, монтаж, аппликация, типографика, компьютерлік графика қолданылады. Графикалық дизайн өндірістік заттар стилінің, бүкіл заттық ортаның қалыптасуына ықпалын тигізеді. Бұл салада көзбен шолу мәтіндерінің сериясын жобалау – ерекше орында. Графикалық дизайндағы серия – бірнеше көзбен шолу мәтіндерінің мағыналы тұтастығы, олар бір тәжірибелі мақсатқа жетуге арналған. Сериялы плакат, қаптама, жарнамалы хабарламалар, таңбалар, белгілер болуы мүмкін. Күрделі серия болып фирмалық стиль саналады.

Жасанды заттың графикасы – бұл жасанды заттардың графикалық суреттерінен бастап олардың қаптама, маркасы, таңбасына дейінгі графикалық жұмыстардың кешені. Жасанды зат графикасының негізгі тәсілдері: шрифт, таңба және белгілер, олар дизайнердің

қалауы бойынша стандартты немесе дара түрде болуы мүмкін.

Заттың графикасы кейде арнайы техникалық тәсілдердің көмегімен ғана қабылданатын нәрселермен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, электронды сағаттар, компьютер мониторы. Дизайнерге қаптаманы, таңбаларды жобалауда үлкен бостандық беріледі, олардың мақсаты – сатып алушылардың көңілін көркемдік шешімнің ерекшелігімен қызықтыру. Жасанды заттың графикасы патенттелуі мүмкін.

3.1.2. Дизайндағы патент қызметі

Дизайндағы патент қызметі – дизайнерлік бөлімдердің құжаттарын дайындайтын қызмет саласы (патент алу, авторлық куәлік, өтініш), авторлық құқықты қорғау қандай да бір елдің патенттік заңдылықтарына байланысты. Құқықты қорғау заңдылықтары дизайнерлік шығармаларға, сонымен қатар, қызметтік тапсырма ретінде орындалған жұмыстарға тиісті қолданылады. Авторлық құқықты қорғау дизайнерлік (көркемдік құрастыру) шешімдерге өндірістік бейне түріндегі, көлемді бейне (модель, макет) және орындалған дизайн шығармасына тарайды.

3.1.3. Көзбен шолып байқау

Көзбен шолып байқау – арнаулы көру белгілері мен белгілер жүйесі арқылы жүзеге асатын процесс. Ол ұйымдастырушылық, біріктірушілік және реттеушілік рөл атқарады. Адамды қоршаған ортамен неғұрлым мол таныстырып, кеңістікте оның көңілін жаулап алатын белгілерді жасау – дизайнның ең маңызды міндеттерінің бірі. Көзбен шолу коммуникациясының құрамына мыналар енеді: «жөнелтуші» – хабардың мәнін қалыптастырушы, «коммуникатор» – хабарды көру құралдарының көмегімен жариялаушы, «белгі», «коммуникатор»



жасаған хабардың мәнін көрсетуші және «адресат» – хабардың мәнін тұтынушы.

Графикалық дизайнның пайдасы зор. Оның түрлері де едәуір: плакаттар, бумалар, жарнамалық хабарландырулар, мерзімді басылымдар, белгілер жүйесі, ашықхаттар. Бұлардың арасындағы ең күрделісі – фирмалық стиль.

Графикалық дизайнның маңызды бөлігі – **шрифт**. «Бұл – графикалық түрде көрсетілген тіл, белгілерде көрсетілген ой» (Виллу Тоотс).

Шрифт кез келген плакаттың, жарнаманың ең маңызды, кейде шешуші элементі болып табылады. Шрифтiнiң көмегiнсiз журнал және кiтаптарды көркемдеуге болмайды, өндiрiстiк өнiмдердiң түрлi-түстi қаптамаларын жасау да мүмкiн емес.

Әр тарихи кезеңнiң ерекшелiктерi, мәдениетi, стилi шрифт бейнесiнде көрiнедi

Ежелгі заман тамаша үлгі ретінде римдік капитал шрифті қалдырды, шрифт қазіргі кезеңге шейін жазудың үлгісі болып саналды. Орта ғасыр өзінің сәулет өнеріндегі готика стилімен бірге Германияда ұлттық шрифт болып қалыптасқан готикалық шрифтінің көп түрлерін қалдырды, ал Қайта өрлеу дәуірінде антиква шрифті пайда болды. Классицизм дәуірі өнерде және әдебиетте классицистикалық антикваны әкелді, бұл шрифт ескі нұсқасынан сызықшаларының контрастімен, әріптерге қосымша берілген ұзын жіңішке кертпе белгілерімен ерекшеленді.

Романтизм заманындағы жаңа антиква негізінде көптеген кескіндемелік, өрнектелген шрифтілер пайда болды, олар қазіргі кезде өсемдеуші, безендіруші шрифтілер ретінде қолданылады. Соңғы кездерде қолданылатын антиквалық шрифтілер, бұрынғы римдік капитал және классицистикаланған антиква шрифтілерінің негізінде құралған.

Салмақты төртбұрышты, кертпе белгісі бар, ал контраст жоқ мысырлық шрифтілердің, сонымен қатар кертпе белгілері жоқ (гротескілі) шрифтілердің пайда болуы өткен ғасырдағы өндірістің және сауданың дамуымен байланысты. Саудада жарнама үшін қарапайым, көркем, көзге тез шалынатын шрифтілер қажет болды.

№1 тәжірибелік тапсырма.

Шрифтілік композиция

Жұмыстың мақсаты: шрифтілік плакатты орындау

Құралдар: қағаз (А1 формат), тушь, қылқалам, акварель, гуашь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- арнайы оқу әдебиетін оқу;
- әр шрифтінің эскизін орындау;
- плакаттың жалпы композициясын орындау;
- композицияны пысықтау;
- жұмысты орындау.

3.1.4. Өнер шығармалары және оларды тираждау тәсілдері

Қазіргі кезде өнер шығармалары мынадай көзқараспен бағаланады, олардың эстетикалық жабдықтау жүйесіне қаншалықты үйлесімділігі, сонымен қатар жаңа техникалық қызметтер мен тираждау тәсілдеріне сәйкестігі. Бүгінгі күні өнер шығармасының демократиялық, қоғамдық дәрежесі жайлы сөз еткенде дара түрде орындалған және көрмелерде қойылған түрлері туралы айту қиын. Импрессионизм тарихына көз жүгіртсек, кескіндеме өнерінің демократиялық сипатын, дизайнерлік бағыттағы кескіндеменің өзіндік мәні қалыптасқанын, дизайнер тілімен айтқанда, суретшілер тұтынушыларға арнап жұмыс істегенін көреміз. Жылдар өткен сайын, импрессионистердің жұмыстары қазіргі эстетикалық құрылысқа жақын екеніне көз жеткізудеміз. Кескіндемелі дизайн шығармалары полиграфиялық баспалар үшін өте тиімді болып табылады. Жапондықтар жаңа электрондық, полиграфиялық процестерді жетілдіріп, басқа халықтардың барлық мұражайларындағы өнер шығармаларының жоғарғы дәрежеде орындалған дәл көшірмесін жасау кезінде, сұраныс жағынан импрессионистердің шығармалары алдыңғы қатарда болды.

3.1.5. Қатысушы әсері

Полиграфияда, кино және теледидарда арнайы дайындалған өнер шығармалары үлкен қоғамдық әсер беретіні белгілі. Олар өнерді әр үйге алып келеді, қоғамның барлық адамдарына эстетикалық жабдықты қамтамасыз етеді, осындай әдіспен мәдениеттің белгілі деңгейін анықтайды.

Өнер шығармаларын басып шығару және теледидар, радио арқылы хабарлау «қатысушы әсерін» екі жақты қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда қоғамдық-көркемдік

әсерге қоғамдық-экономикалық әсер қосылады да, дизайнерлердің қызметі уақытты үнемдейді, адамдардың қызметін тиімді ету әдістерін жетілдіру арқылы әр тұрғынның өмір салтын, тұрмысын өзгертеді, өркениеттің жаңа, белгілі бір кезеңіне өтуді қамтамасыз етеді.

3.1.6. «Мәдени қабат» феномені

Дизайнның мәдени қызметі тек өнер жағынан ғана емес, сонымен қатар өндірістік жағынан да көрінеді. Бірақ дизайнның мәдени қызметі «мәдени қабат» феноменінсіз толық емес және түсініксіз болады. («Мәдени қабат» – археологияның және мәдениеттану ғылымдарының ортақ түсінігі).

Кез келген жасанды заттың қандай да бір мәдени қабатқа жататындығы, белгілі бір қоғамдық даму кезеңіне тиістілігі жөнінде мәліметтер болмаса, заттық ортада оны мәдени мұра не құндылық деп есепуге болмайды.

XX ғасырдың мәдени жинақтары өз алдына «керемет қабат» құрайтындығы анық, себебі оның қалыптасуы әр түрлі өндірістік ықпал, түрлі сәлалардың, ғылымның дамуымен байланысты.

Өткен ғасырдың бір кемшілігі – дәстүрлі өнердің көп мөлшерде дамуына қарамастан, олардың мәдени қалдықтары азайып, кейбір аймақтарда мүлдем жоғалып кетуде.

Дизайнның негізгі қызметі – өндірісті қоғамның мәдени қабатты құрастырушы, дамытушы, талаптарын қанағаттандырушы фрагментіне айналдыру.

Мәдени қабаттың құрылуының өндірістік тәсілі дегеніміз – алуан түрлі мәдени сипаттамасы бар жасанды заттарды жасау емес, қоғамның барлық ұйымдарының өндіріспен байланысы, қоғам деңгейінің көтерілуі және экономикалық дамуы. Байланыстың түрлері сан алуан (кинематограф, өндірістік графика тәрізді өнердің кейбір түрлері өндірістік негізде жұмыс істейді), байланыс тікелей түрде ғана емес, адамның мәдени дамуы,

тәрбиесі және білімінің өрістеуі ретіндегі байланысы болуы мүмкін.

№2 тәжірибелік тапсырма. Жарнама плакаты

Жұмыстың мақсаты: Суретті, шрифтінi, коллажды, аппликацияны және компьютерлік графиканы қолдана отырып жарнама плакатын орындау.

Құралдар: қағаз (A1 форматты), желім, гуашь, тушь, акварель, қаламұш.

Жұмысты орындау тәртібі:

- фирманы, затты таңдап алу;
- жарнама тұжырымдамасын ойластыру;
- жалпы композицияның эскизін орындау;
- графика түрін, құрастыру заттарын пысықтау;
- түстік шешімін табу;
- графикалық элементтерді пысықтау;
- жұмысты орындау.

3.1.7. Фирмалық стиль

Фирмалық стиль – қандай да бір қызмет көрсетуші немесе өндірістік ұжымдардың көзге тез шалынатын, оның қызметіне және шығаратын өніміне байланысты жобаланатын арнайы, тұрақты белгі, заттар және тәсілдер жинағы. Фирмалық стиль ерекше тұжырымдамалық негізде жасалады. Жалпы жобалау талаптары фирма өнімдерінің көзбен қабылданатын бейнесіне, фирма белгісіне, түсіне, құжаттарына, жұмысшылардың киіміне, фирма көлігіне, заттардың стиль бірлестігі және кешеніне, сонымен қатар, сол ұжымның өндірістік жұмыстарының ұйымдасуына, құрылуына және коммерциялық қызметіне байланысты қалыптасады.





№3 тәжірибелік тапсырма. Заттың таңбасы және логотип

Жұмыстың мақсаты: таңбаның және логотиптің стильденген көрінісі: түссіз графика, түрлі-түсті бояумен орындалған түрі, рельеф.

Құралдар: қағаз, тушь, қаламұш, желім, гуашь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- өсімдіктер мен жануарлардың суреттерін салу;
- өсімдіктер мен жануарларды стильдеу;
- стильденген суреттердің негізінде заттың, жануарлардың стильденуін қолдану;
- заттың таңбасына сәйкес шрифтті таңдап алу;
- логотипті пысықтау;
- түстік шешімін табу;
- жұмысты орындау.

№4 тәжірибелік тапсырма. Қаптама

Жұмыстың мақсаты: қаптаманың графикалық шешімін табу; жазуын (логотип) және жалпы көркемдеу талаптарын орындау.

Құралдар: қағаз, картон, желім, гуашь, акварель, тушь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- қаптаманың пішінін пысықтау;
- қаптаманың пішу қиығын орындау;
- жалпы графикалық шешімін таңдау;
- логотипті пысықтап, бояу;
- жұмысты орындау.

Жұмыстың құрамы:

- 1) қаптама макеті
- 2) пішу қиығы көрсетілген жобаны орындау, жалпы көрінісі, логотип – түрлі-түсті бояу қолданылған.

Жұмыстың мақсаты: киім немесе көліктегі жарнама (өзің тандап алған фирмаға, қиялдағы немесе нақты бар фирмаға арнау), көрнекі жарнама, хабарлама, этикетка, плакаттар сериясын орындау.

Құралдар: қағаз, тушь, акварель, гуашь.

Жұмыстың орындалу тәртібі:

- әдебиетпен жұмыс істеу;
- эскиздеу;
- фирманы тандап алу;
- фирманың құрамын және фирмалық стильдің әр элементін таңдау;
- элементтерді пысықтау;
- түстік шешімін табу;
- жұмысты орындау.

Жұмыстың құрамы:

1. Этикетканың, ашық хаттың макеті.
2. Қолданбалы фирмалық таңба мен логотиптің жобасы.
3. Жарнамалық плакаттардың сериясы.
4. Жарнама бағыттаушысы мен хабарламасының жобасы.
5. Фирмалық киімнің және көліктің көркемделуі.

3.1.8. Кітап графикасы

Кітап графикасының теориясы және тәжірибесі әдеби шығармалардың графикадағы бейнелік интерпретациясы жайлы күрделі мәселелерді қарастырады. Сюжеттің көрсетілу мүмкіндіктері, суреттердің жазушының поэтикасына, шығарма мазмұнына сәйкес келуі, автордың ойын түсіну тереңдігі және оларды айқындау ерекшеліктеріне баса назар аударылады.

Кітаптың безендірілуі балалар, жасөспірімдер, үлкен адамдарға, жалпы оқырман психологиясы мен жас ерекшеліктеріне, кітап мазмұнына, бағытына сәйкес болуы тиіс.

Кітаптың жеке-дара және типтік элементтері болады. Типтік элементтерге мәтінді парақтар, суретті парақтар, бастапқы және соңғы парақтар жатады.

Жеке-дара элементтерге кітаптың қаптамасы, форзац, өрілуі және бірінші беті жатады.

Мұқаба тысының өрілуі жарнамалық, хабарламалық қызметті, сондай-ақ кітаптың ұқыпты сақталуын қамтамасыз ететін қызмет атқарады.

Форзац – екі парақтан тұратын таза қағаз, бір парағы мұқаба қабатының ішкі бетіне жапсырылады, екінші парағы мұқаба мен бірінші бет және мұқаба мен соңғы бет арасында бос қалады. Форзац дизайнердің талғамына сәйкес түрлі өрнекпен безендіріліп, боялуы мүмкін.





Алғашқы парақ (титул) – кітаптың негізгі рубрикасы. Бұл бетте автордың аты-жөні, кітаптың аты, кітап баспасының аты, басылу орны және басқа да қажетті мәліметтер жазылады.

Кітап композициясының басқа да мәселелері бар. Гравюра және суреттер кітапқа үйлесімді енгізілуі қажет: графика құрамымен ұйқастығы, сурет салынған парақтың жазықтық сипаттамасы, кітаптың барлық орталық қатарын ритмикалық үйлестіру.

Жинақтың көркемдігі дегеніміз күрделі түсінік, ол шрифтінің көркемдік тәсілі мен жинақтау элементтерінің (суреттер, түрлі-түсті бояулармен көркемдеу, т.б.) үйлесіміне негізделген. Кітап өнерінде сан алуан типографиялық элементтер де біртұтас жинақтау композициясына бірігеді.

Жинақтау шрифті кітап графикасының негізгі құрамына жатады. Шрифтінің графикалық ерекшеліктері, оның көркем бейнесі әр кезде де өнертанушылардың көңілінен тыс қалмаған. Шрифтiлердiң тарихи қалыптасқан суреттік сипаттамаларының қатарында белгілі бір қалыптасқан стильдер және ұлттық ерекшеліктер де бар. Жинақтау шрифтілерінің суретті түрлерінде арнайы техника, құралдар орын алды, осылардың көмегімен шрифтінің алғашқы түрі, бейнеленген жазықтығы анықталады.

Әріптердің бейнесі елес ұқсастықты туғызуы мүмкін. Шрифтінің сипаттамасы, компоновкасы статика және

динамика жайлы ойды туғызады. Мысалы, курсивті пішін динамикалы болып көрінеді. Ашық, жалпақ, жартылай жалпақ бейнелері – оның салмағының көрсеткіші («ауыр» немесе «жеңіл»). Әріптердің суреті қағаз бетінде жалпақ немесе көлемді болып көрінуі мүмкін. Жалпақтық негізгі және қосымша штрихтердің бірдей қалыңдығынан көрінеді, ал негізгі және қосымша штрихтер әр түрлі қалыңдықта болса, әріптер көлемді болып қабылданады.

Шрифттік емес жинақтау элементтеріне жинақтау өрнегі, әсемдеуші, геометриялық денелер, әр түрлі белгілер жатады. Мұны коммуникация мәселесін шешудегі прагматикалық санамен қатар жаңашыл көзқарас деуге болады.

Қазіргі кездегі графикалық дизайнның өзгешелігі – мәдениеттің даму барысындағы екі қарама-қарсы бағыттардың қосылуы: жалпы тараған өнердің (газет комикстері, афиша, журнал суреттері) және суретшілер мен сәулетшілерге, дизайнерлерге жаңа көркемдеу әдістерін көрсеткен модерн өнері.

№6 тәжірибелік тапсырма. Кітап элементтерін пысықтау

Жұмыстың мақсаты: Берілген әдеби шығармаға арнап, форзац пен қаптаманың, мұқабаның макетін жасау.

Құралдар: қағаз, картон, типографиялық бояу, гуашь, акварель және т.б.

Жұмысты орындау тәртібі:

- берілген әдеби шығарманы оқып түсіну;
- кітапты көркемдеу концепциясын іздестіру;
- эскиздеу;
- кітаптың элементтерінің үйлесімдік шешімін табу;
- кітапты тиянақтау;
- реңдік шешімін пысықтау;
- жобасын орындау;
- жұмысты орындау.

№7 тәжірибелік тапсырма. Кітапты көркемдеу

Жұмыстың мақсаты: кітаптың бірінші бетін және кітапқа арналған екі суретті салу.

Құралдар: қағаз, тушь, қаламұш, акварель, гуашь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- әдебиетпен жұмыс істеу;
- кітап графикасының үлгілерімен танысу;
- таңдап алынған кітапқа эскиз жасау;
- эскизді мақұлдау;
- жұмысты орындау.

4-ТАРАУ. ТҰРМЫСТЫҚ ОРТА ДИЗАЙНЫ

4.1. ҚАЛА ДИЗАЙНЫ

4.1.1. Негізгі элементтер

Қала дизайны (қалалық ортаның дизайны) дегеніміз – қаланың заттық ортасының кешенді қалыптасуы, жабдықтауыш заттардың дизайндық әдіс-тәсілдерінің көмегімен қала сәулетінің ландшафтымен үйлесуі, бірқатар техникалық аймақтардың құрылыспен қамтамасыз етілуін, коммуналдық шаруашылықты ескере отырып, инженерлік жабдықталуын жобалау. Оның ең маңызды талабы – масштабты, құралды, бейнені және түсті қоршаған ортамен үйлестіру болып табылады.


Кіші сәулеттік бейнелер – қала кеңістігін жабдықтауыштардың бір түрі, ол – кішігірім жеңіл құралымдар; техникалық заттармен жабдықталған, шектелген қызметі бар кішігірім интерьерлер (уақытша павильондар, дүңгіршектер, телефон кабиналары, т.б.); қоғамдық көлік, байланыс, сауда ғимараттарындағы ақпараттық, көңіл көтеру орындары.

Техникалық элементтер – байланыс, жарық беру, энергетикалық, су жүргізу (көшедегі жарық беруші шамдар, жол жүру белгілері), т.б. тораптар мен желілер.

Қала элементтерінің функциялық түрлері:


Кіші көлемді құралымдар, әдетте, қала кеңістігінде аймақтың рельефін қалыптастыру үшін қажет. Жаяу жүру жолдарын құрастыру (баспалдақтар, қабырғалар, көлік жүретін көшенің екінші бетіне өту жабдықтары, желден, қатты дыбыстан қорғайтын ық-паналар).

Көзбен шолу элементтері – қаладағы жол сілтеуші белгілер, жол жүру белгілері, жарнама, хабарлама және т.б.



4.1.2. Сәулеттік ортаны дизайндау

Сәулеттік ортаны дизайндау – адам мен табиғаттың, кеңістік пен әлеуметтік айналаның арасындағы өзара қатынас мәселелерін неғұрлым кеңінен қарастыру. Ортаны дизайндау қоғамдық, өндірістік және тұрғын үй кешендерін, демалыс аймақтарын, қала ортасын және т.б. жобалау мен қайта құруға байланысты. Нысанның ерекшелігіне қарай дизайн түрлері қалалық дизайн, өндірістік және тұрғын үй орталығының дизайны деп бөлінеді. Өндірістік ортаны дизайндау – өндірістік не-





месе ауылшаруашылық ортаны адам еңбегіне сай кешенді қалыптастыру деген сөз.

Мәселен, тұрғын үй орталықтарын жобалағанда болашақ тұрғындардың тұрмыс қалпы мен эстетикалық таламы, мәдени және ұлттық дәстүрлері жан-жақты ескерілуі қажет.

Сәулеттік ортаны дизайндау – қаланың кеңістіктік ортасын дизайнның әдістері мен құралдары, ландшафтылық сәулеттендіру шешімдерінің көмегімен жобалау деген сөз. Қала элементтеріне төмендегілер кіреді:

– шағын сәулеттік формалар – қала кеңістігінің құралдарының бөліктері, шағын өрі жеңіл құралымдар (тұрақты немесе көшпелі павильондар, телефон кабинеттері, аялдамалар, демалыс аймақтары, жарнама орындары және т.б.)

– қаланы көзбен шолу ақпаратының элементтері – жол белгілері, хабарландырулар, жарнамалар және басқалар.

Сонымен, сәулеттік ортаның дизайны:

- қалалық ортаға қайталанбас көрік береді;
- адам мен сәулет, адам мен табиғат арасында байланыс орнатады;
- жайлылық пен қолайлылық туғызады;
- ақпараттық кеңістік туындатады.

Қалалық ортаны құрайтын заттар:

- қала жиһазы (орындықтар, көлеңкелер, т.б.);
- жаппай көгалдандыру блоктары;
- ақпараттық блоктар;
- дүңгіршектер;
- жарықтандыруы блоктары;
- мүсіндер мен ескерткіштер;
- бетон вазондар;
- қоршаулар.

№1 тәжірибелік тапсырма.

Кіші сәулеттік бейнелер

Жұмыстың мақсаты: кіші сәулет бейнелерін жобалау (фонтан, көлік аялдамасы, павильон, дүңгіршек, мүсіндер).

Құралдар: қағаз, акварель, гуашь, тушь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- тиісті сәулет бейнелерін салу;
- пішінін пысықтау;
- көлемдік, тереңдік-орталық композицияны пысықтау;
- композиция құрамындағы заттарды масштабқа келтіру;
- жобаның графикалық көрінісі;
- жұмысты аяқтау.

№2 тәжірибелік тапсырма. Қаладағы көзбен шолуға арналған ақпарат

Жұмыстың мақсаты: көзбен шолуға арналған ақпараттық элементтің жобасын жасау (жол белгісі, бағыт тауыш, жарнама).

Құралдар: қағаз, акварель, гуашь, тушь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- эскиздеу;
- жалпы композицияны пысықтау;
- масштабқа келтіру;

- жобаның графикалық көрінісі;
- жұмысты аяқтау.

№3 тәжірибелік тапсырма. Қаланың әсемдік элементі

Жұмыстың мақсаты: әсемдік элементтері: фонтан, гүл отырғызатын сауыт (вазон), орындықтар, кішігірім мүсіндер).

Құралдар: қағаз, тушь, акварель, гуашь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- сәулеттік ортада орналасқан әсемдік элементтерінің суретін салу;
- бейнесін және бөлшектерін пысықтау;
- жобаны масштаб бойынша сызу;
- жобаның графикалық көрінісі;
- жұмысты аяқтау.

4.2. ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫ

Интерьердің талапқа сай құрылуы қазіргі кездегі құрылыс өнерінің ең маңызды, кең тараған және әсем бөлігі болып табылады. Әр адам өзінің қызметіне, өміріне байланысты, жан дүниесіне сай тұрғын ортасын құруға ұмтылады.



Ішкі сәулеттің бүгінгі күнгі «басты кейіпкерлері» – декорация және кеңістік. Сонымен қатар, қазіргі интерьер өнерінде өмір сүруге жайлы жағдайларды жасауға ұмтылу немесе қызметтік бағытын, технологиялық деңгейін жоғарылату сияқты талаптар артқы қатарға шегініп, оның орнын көркемдік шешім, стиль және сән басты.

4.2.1. Үй

Үй – қоршаған ортаның жағдайына, қоғамдық және жеке психологиялық талаптарға сәйкес ғимарат, өте маңызды тіршілік процестері өтетін жер. Үйдің қоғамдық және тұрғындық қызметі: бірге тұратын адамдардың шектелген тобы (туысқандар тобы, отбасы, балалар, студенттер немесе жұмысшылар) басқа ұқсас топтардан бөлек микроклимат құратын, қоршаған ортаның өзгерістерінен қорғанатын, тұрғын-тіршілігінің өтетін жері (тамақтану, ұйықтау, жұмыс). Санитарлық жабықтау, сондай-ақ, қызметіне байланысты орындарды бөлу, заттық ортаны жобалау – дизайнның маңызды мақсаты. Ол өмір тәсіліне бейімді және үй психологиясын зерттеу аймағында, үйдің социологиясы, экологиясы және демографиясын ескеру барысында құралады.



Дизайнерлік жобаның маңыздылығы – үйді түрлерге бөлу болып табылады. Оның негізінде таңдаулы тәсілдер жатыр, мысалы, үйдің табиғи жағдайға бейімделуі бойынша (оңтүстік, солтүстік климатқа лайықты қыстық, жаздық, т.б.), қолдану сипаты бойынша (жекеменшік, ұжым, тұрақты, уақытша, мобильді, көшпелі) түрлерге бөледі. Үйдің түріне байланысты жиһаз, қажетті заттар және мүмкіндігінше жайлылықты жасайды.

4.2.2. Ортаның эстетикалық құралының негіздері

Ортаның эстетикалық құралы – адамның табиғатқа тигізетін әсерінің жиынтығы және өзі құрастырған құралдық-заттық орта, қоғамның мәдени даму сатысын анықтаушы және халықтың эстетикалық идеалдарының көрсеткіші болып табылады. Ортаның эстетикалық құралының өнердегі тарихи даму кезеңдері бар. Көркем бейнелік тұлғада халық тұрмысының этникалық, географиялық ерекшеліктері, олардың тәжірибелік жетістіктері, қоғамдағы әлеуметтік және таптық қатынастарын білдіреді. Ортаның эстетикалық құралы уақытпен бірге өзгереді, онда адамдардың өмір салтына сәйкес, мәдениет дәстүрлері және үнемі жаңа бейнелер ізденісі орын алады. Адамдардың арнайы жасалған ортаға көңілдері толуы, оны өздерінің мақсаттарының орындалуында қолдануы мүмкін, сонымен қатар ортаның талабымен сәйкес емес екенін байқап, өзгертуге ұмтылуы да мүмкін. Ортаның эстетикалық құралының тез өзгеруі өмір талабына, жаңа құралдарды меңгеруге, өндіріс технологиясына, т.б. байланысты болады және адамдардың эстетикалық санасына әсерін тигізеді. Қазіргі кезеңде ортаның эстетикалық құралында көркемдік бейненің маңыздылығы күшейіп келеді, бұл дизайнда, көркем өндірісте, адамдарды эстетикалық тәрбиелеу бағдарламаларында анықталады. Осыған орай, тек стильдердің өзгеру механизмін ғана емес,

қоғамдық-экологиялық маңызды талаптарды да ескеру қажет.


ЖАЙЛЫЛЫҚ (КОМФОРТ)

Жайлылық – адамның қоршаған ортамен немесе белгілі бір затпен қатынасында пайда болатын психикалық және физиологиялық жақсы әсерлер жинағы. Жайлылық мінездемесі тұрғын үйдің, жұмыс орнының қажетті заттармен қамтамасыз етілгенімен анықталады. Ал қызметтік жайлылық деңгейіне жету дегеніміз – оның эргономикалық талаптарының жобалау кезінде ескерілуі. Жайлылық қоғам тәжірибесіне байланысты, дәстүрге, жеке сұраныстарға, қоғамның техникалық және эргономикалық мүмкіндіктерімен бағаланады. Дизайнды қолдану ыңғайлылығы, жөндеу жұмысының мүмкіндігі және т.б. көрсеткіштері, өмір түрі мен сапасы секілді талаптар жобалау кезеңінде ескеріледі.



ЭРГОНОМИКА

Эргономика – адамның: адам – зат – орта жүйесінде өмір сүру және қызмет ету ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін қарастырады. Еңбек психологиясы, психофизиология, антропометрия, биомеханика, еңбек гигиенасы, еңбек физиологиясы, техникалық эстетика, инженерлік психология секілді ұғымдарды жүйелі



түрде зерттейтін ғылым. Қызмет құралы және орта, «адам – машина – орта» түсінігін енгізудің басты мақсаты – тиімді қызмет жасау, адамның денсаулығына зиян келтірмеу болып табылады. Дизайнерлік шығармалардың, жобалардың эргономикасын қамтамасыз ету үшін жобаны пысықтауға эргономист мамандар қатысады.

СТАЙЛИНГ

Стайлинг (ағылшын тілінен style – стиль, мода) – дизайн бағыттарының бірі болып табылады. Ол бұйымның, тауардың сыртқы пішіннің өзгеруін, онда да құрылысы мен қызмет негізін бұзбай, өндіріс затының сол кезеңдегі кең тараған стиліне сәйкес өзгеруін білдіреді. Стайлинг қызметі – нақты заттардың түрін модерндеу. Ол заттың нарықтағы сұранысын жоғарылатады.



ХАЙ-ТЕК

Хай-Тек – тікелей мағынасы – ең жаңа технология. Тез өзгеретін уақыт стилі, болашақ техникасы, ғарышқа ұшу. 19-ғасырдың соңында пайда болған бұл стиль материалдың эстетикасын, кеңістіктің, жарықтың мол болуын, дизайнда түрлі техниканың, металдың, пластиктің пайдаланылуын құптайды. Сипаттамасы – интерьерде ең соңғы үлгідегі жаңа құрал-жабдықтар мен технология пайдаланылуы, декордың мүлде болмауы, функциялық қызметке көңілдің бөлінуі.

ГРАНЖ

Гранж – қазіргі заман интерьерлерінде жиі қолданылатын стиль, өзінің атауын белгілі жиһаз өндіретін компанияның негізін қалаушы адамның фамилиясынан алған. Бұл фирманың бетке ұстар өнімі «отбасыға» арналған жиһаз, ол шаңыраққа жылу, жайлылық әкелетін, дәстүрге негізделетін заттар жиынтығы. Бұл стильге тән сипаттама – табиғи құрал-жабдық, жиһаз, дәстүрлі бейнелер, жайлылық, рақымдылық, қарапайымдық.


Стиль және сәннің қазіргі кездегі интерьердің көркемделуіне тигізетін ықпалы ХХ ғасырдың 60-жылдары дизайн қызметінде ерекше стилизация түрі кең тарайды, ол *стайлинг ағыны* болып аталды. Ал бүгінгі күні



алдыңғы қатарда фешн-дизайн түр. Бұл бағыттардың екеуі де бір эстетикалық құбылысқа жатады, екі жағдайда да дизайнерлік шығармашылықта стиль және сән ықпалының басымдығы көрінеді.

4.3. СТИЛЬ ӨНЕРІ


Өнердегі стиль (латын тілінен *stylus*, грек тілінен *stylos* – таяқша, жазу қаламы) – бейнелеудің және көркемдеу әдістерінің құрылыс бірлестігі, архитектура, көркемсурет және әсемдеу қолөнерінің даму тәжірибесінде туындайды. Стиль деген түсінік өнердегі ірі кезең мінездемесін анықтауға қатысты айтылады. Стиль барлық өнер саласын біріктіреді (готика, барокко, классицизм). Стиль өз бетінше өмір сүре алатындықтан, өз дәстүрлерін орнықтыра отырып, кейбір жағдайларда өзін туындатқан қоғамдық және мәдениет даму кезеңі өтіп кеткеннен де кейін дами беруі мүмкін. Стильдің туындауына қоғамдық, мәдениеттік, табиғат



пен өнер туралы түсініктер, олардың қызметі себеп болуы мүмкін. Стилль алғаш рет (Мысыр, Вавилон) ежелгі дәуір мәдениетінің даму кезеңінде қалыптасқан, әрине, алғашында тек діни-идеологиялық шектермен сәйкес болған стилль дамуына кейін әр кезеңдегі аймақтық мектептер мен орнықты дәстүрлердің қарым-қатынасы да әсер етті.

АР ДЕКО

Ар Деко – тиімділік ұғымының синонимі ретінде сипатталатын стилль түрі. Бұл стилль өз бойында класси-



цизм, турашылдық, симметриялықты ұштастырады. Арт-нуво, кубизм, «Баухауз», сондай-ақ, көне Мысыр, Шығыс, Африка, Америка құрлықтары стильдерінің ең жақсы жақтарын алған бұл стиль алғашында көзге қарапайым, тартымсыз болып көрінуі мүмкін. Ал негізінде өте таза, эстетикалық, түзу сызықтар мен геометриялық суреттердің қолданылуымен жасалады. Түсті металды қалайды. Модерн және конструктивизмді пайдаланады.

СӘН

Сән немесе мода белгілі бір кезеңде пайда болып, уақыт аралығында өзгеріп және қайталанып отыратын заттың не мәдениеттің сыртқы пішінінің өзгеріп отыруы. Бұл экономикалық, мәдениеттік, эстетикалық, т.б. өзгерістерге байланысты. Сән сипаттамасы: табиғаты тез өзгереді, бейнелері тез ауысады, белгілі бір стиль басым, ескі бейнелерді тез жоққа шығарып, оның орнына жаңа бейнелер ұсынылады. Сән киім киюде ғана емес, өнерде, ғылымда, идеологияда, саясатта, т.б. салаларда да болады. Адамдардың өмір стилімен байланысты және адамдардың ішкі талаптарына сай сыртқы әсемдігі болып табылатын сән киімде, тұрмыс-тіршілікте, билеу, сөйлеу мәнерінде көрінеді. Кант (философ) сәнге: «Өзін басқалардан гөрі маңыздырақ сезіну» деген анықтама берген.

Интерьерді құрайтын стиль мен сән арасында неше түрлі қатынастар қалыптасады. Кей кезде интерьер кеңістігін тиімді қолдану арқасында стиль сәннен озып кетеді. Интерьердің көркем қалыптасу заңдылықтарын ескермеген кездерде, сән стильдің алдына шығатын жағдайлары да кездеседі.

Екі шеткі тенденциялардың біреуі қатаң түрде стиль талаптарына сүйенеді, ал екіншісі өзгермелі сән идеяларын айқындайды. Қорыта келгенде, түбегейлі рационалды интерьерлер («қатаң», «таза», «ақылды») немесе көрерменге тигізетін эмоционалдық әсері өте жоғары интерьерлер пайда болады.



Интерьердің соңғы түрі неше түрлі коммерциялық ұйымдардың, дәмхана, мейрамханалардың ішкі құрылыстарына лайықты. Бірақ, бұл екі бағыт көбіне бір жақты шешілуінің нәтижесінде сүйкімсіз жағдайларды да туғызады.

Гете бұл мәселе жайлы «екі шектің арасында шындық емес, дұрыс шешімді талап ететін күрделі мәселе жатыр» деген. Біздің жағдайда сән және стильдің бір жақты көрінуінде сұрақтың шешімі емес, тек көркем әсерлеу ізденістерінің бағыты жатыр. Интерьер өнерінде (жалпы өнерде сияқты) бұл ізденіс – «алтын ортаға», ең әсемделген шешімге барынша жақындату. Басқа сөзбен айтқанда, басты мақсат – «пайдалы» немесе «сұлу» интерьерді құру емес, осы екі қарама-қайшылықтың арасындағы тиімді орталықты табу.

Екі жағдайға да арқа сүйеу арқылы, біріншіден, «мәңгілік» сұлулық заңдылықтары ескеріледі, екіншіден, ерекше, жаңа көзқарасты көрсету мүмкіндігі туындайды. Бірақ, бірден қандай да бір бағытты дұрыс

таңдап алу өте қиын. Мысалы, интерьердің демократиялық және беделді түрі, танымдық, жаңа кезең ықпалына сай және терең дәстүрлерге негізделген түрі. Қарама-қарсы бағытты өзара үйлестіру күрделі жағдай болғанымен, дәл осы үйлесім нақты көркемділікті және қызметтік тиімділікті анықтайды.

Біздің уақытымызға сай интерьер XX ғасырдағы сәулет заңдылықтарына негізделген көзқарастарға қарама-қарсы. Ол осы кезге дейін үкімін жүргізіп келген «халықаралық стильге» деген қарсылық.

«Халықаралық стиль» сипаттамасы – сәулеттік көркемдеу талаптарының прагматикалық шешімі, ғимараттың пішіні оның конструкциялық шешіміне аса тәуелді болып келген. Осының нәтижесінде тек біркелкі стиль қалыптасқан. Оған В. Гропиус, Ле Карбюзе, Мис ван дер Роэ сияқты сәулет өнерінің ең көрнекті өкілдерінің интерьерлері мен ғимараттары мысал бола алады. Бүгінгі интерьерлерде ғимараттың пішіні оның қызметінен тәуелсіз, көп жағдайларда тіпті қарама-қарсы болып келеді. Оның көрнекті белгілері – едендер, қабырғалар, ұстындар, пилястралар, капительдер, фронтондар, антаблименттер, көп мөлшердегі декор, ашық түс, театр стиліндегі жарық, интерьерде белгілі эмоциялық атмосфераны туғызу, оның ерекшелігін арттыру.

Тұрақты стильге қарағанда тез құбылатын сән, жаңа бағыттың, стильдік құбылыстың бір түрі – эклектика. Эклектикалық интерьерлер жаңа бейнелерді, құралдарды, тәсілдерді қолдану негізінде орындалады. Эклектиканың ерекшелігі – көркемдік шешімді таңдап алу еркіндігі (гр. т. Eklekticos – таңдаушы). Дәл осы жағдай жаңа стильді сәнге барынша жақындатады. Бүгінгі күні стилист мамандығының пайда болуы да бекер емес: стилист авангардты сәнмен жұмыс істей отырып, жалпы тұжырымдамалық-стильдік бағытты корпоративтік дизайнды, сонымен қатар интерьер дизайнын да анықтайды. Осыған орай, эклектикалық стайлинг қазіргі кездегі интерьердің негізгі анықтаушы дизайны – фешн-дизайнмен қосылады.

№4 тәжірибелік тапсырма. Интерьерді жобалау

Жұмыстың мақсаты: Тұрғын үйді табиғи жағдайларға бейімді етіп жобалау (оңтүстік немесе солтүстікке қыстық, жаздық, ұлттық).

Құралдар: қағаз, тушь, қаламұш, акварель, гуашь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- үйдің қызметіне байланысты бөлінуін анықтау;
- интерьердің стильдік түрін пысықтау;
- колористикалық шешім;
- жиһаз және жабдықтау заттарын ойластыру;
- масштабқа келтіру;
- интерьер макетін орындау;
- интерьер жобасын орындау.

№5 тәжірибелік тапсырма. Тұрғын үй интерьерін жобалау

Жұмыстың мақсаты: Тұрғын үйді иесінің мамандығына сәйкес немесе пайдаланушы адамның өмір бейіміне арнап жобалау.

Құралдар: картон, желім, қағаз, акварель, гуашь, тушь.

Жұмысты орындау тәртібі:

- әдебиетпен жұмыс істеу;
- бейнені іздестіру;
- кеңістік концепцияны іздестіру;
- орталық композицияны пысықтау;
- жиһаз және жабдықтаушы элементтерді пысықтау;
- колориттік ізденіс;
- сызуды масштабқа келтіру;
- макетті орындау;
- жобаны орындау.

Мазмұны

Кіріспе	3
Дизайн саласындағы мектептер мен ұйымдар тарихы	5

1-ТАРАУ. МАМАНДЫҚҚА КІРІСПЕ

1.1. Құжаттар мен құралдар	14
1.2. Жобалау графикасының негізі	19
1.3. Сызықты графика	22
1.4. Түрлі-түсті және реңді графика	27
1.5. Сызулар. Олардың түрлері. Орындалу тәртібі	31

2-ТАРАУ. КОМПОЗИЦИЯ ТҮРЛЕРІ

2.1. Композиция тәсілдері	41
2.2. Композиция заңдылықтары	51
2.3. Колористика және тұстану	55

3-ТАРАУ. ГРАФИКАЛЫҚ ДИЗАЙН

3.1. Фирмалық стиль	72
---------------------------	----

4-ТАРАУ. ТҰРМЫСТЫҚ ОРТА ДИЗАЙНЫ

4.1. Қала дизайны	86
4.2. Интерьер дизайны	90
4.3. Стиль өнері	96

«Кәсіптік білім» сериясы

**Гүлнара Жұпарбекқызы Мәуленова
Дина Әбілмәжінқызы Амандықова**

**ДИЗАЙНЕРГЕ АРНАЛҒАН
ПРАКТИКУМ**

Редакторы Маржан Абсалықова
Техникалық редакторы Раушан Тұрлынова
Дизайнері Жеңіс Қазанқапов
Суретші-дизайнер Жеңіс Көкенұлы
Корректоры Гүлширан Құлымбетқызы
Компьютерде беттеген Эльмира Заманбек

Басуға 15.04.10. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 7.
Тапсырыс №70*. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы.
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды